Қорытынды аттестаттау білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың логикалық аяқталуы болып табылады. Бітіру жұмыстар тізімін ғылым мен білім беруді дамытуда жаңа басымдықтардың пайда болуына, технологияларды, оқытудың жаңа әдістерін жетілдіруге, ғылымдағы іргелі зерттеулерді дамытуға байланысты жыл сайын ғылыми жетекшілер мен шығарушы кафедралар қайта қарайды. БББ іске асыру кезінде білім беру процесінің теориялық және практикалық құрамдастары арасындағы талап етілетін арақатынасты үйлестіретін қажетті тұтастық қамтамасыз

етіледі. Модульдердің, практика мен бітіру жұмыстарының барлық түрлерінің мазмұны БББ мақсаттарына қол жеткізуге және білім алушылардың кәсіби және жалпы мәдени құзыреттіліктерін алуға бағытталғанын атап өту қажет. Жұмысқа орналастыру және практика бөлімі практикадан өту мониторингін жүзеге асырады және кафедра барлық қажетті ақпаратты бергеннен кейін оның ұйымдастырылу сапасын бақылайды. Практиканың барлық түрлерін ұйымдастыру ұйымдармен және кәсіпорындармен ынтымақтастық туралы жасалған шарттар (екі жақты, үш жақты) негізінде жүзеге асырылған. Практикадан өту үшін практика бағдарламасы әзірленеді, ол кәсіби практикаларды өткізу жоспары мен кестесі құрылады. Барлық оқу деңгейлері бойынша кафедраларда өткен және ағымдағы оқу жылдарына барлық қажетті құжаттар бар: практиканың барлық түрлерінің бағдарламалары; практиканың барлық түрлері бойынша жоспарлар; практикадан өту кестесі; практика базаларының тізімі; ректордың практикадан өту туралы бұйрықтары; кафедра мүшелерінің құрамы туралы өкімдері; анықтау және қорытынды конференциялардың хаттамалары; практиканың барлық түрлері бойынша практиканттардың күнделіктері; білім алушылар мен практика басшыларының есептері; кәсіпорындармен ұсынылған білім алушылардың сипаттамалары талапқа сай рәсімделген.

«6B02305 Қазақ филологиясы, 7M02305 Қазақ филологиясы» БББ-ны дайындау барысында қазіргі еңбек нарығының талаптарын, ғылым жетістіктері мен жұмыс берушілердің сұраныстарын жете ескеру керектігі байқалады. Әрбір БББ модулі қажетті кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға бағытталады.

Кафедраларда қазақстандық және шетелдік ЖОО-мен қарым-қатынас жақсы жолға қойылған.

«6B02305 Қазақ филологиясы, 7M02305 Қазақ филологиясы» БББ күшті жақтары:

- бұл стандарт бойынша анықталмады

«6B02305 Қазақ филологиясы, 7M02305 Қазақ филологиясы» БББ бойынша ССК ұсыныстары:

- бұл стандарт бойынша ұсыныстар жоқ

Критерийлер бойынша ССК қорытындысы:

«Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту» стандарты бойынша "6B02305 – Қазақ филологиясы", "7M02305 - Қазақ филологиясы" білім беру бағдарламаларының 12 позициясы да қанағаттанарлық.

6.4. «Білім беру бағдарламаларын тұрақты мониторингілеу және мерзімді бағалау» стандарты

Дәлелдеу бөлімі

Білім беру бағдарламаларын іске асыру сапасын бағалау мақсатында "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" ҚР БҒМ талаптарына (БҒМ 02.02.2016 ж. №124 бұйрығы) және Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ академиялық саясатына, (<https://enu.kz/kz/page/university/about-us/fundamental-documents>).

"Білім беру бағдарламаларын іске асыру сапасына мониторинг және сараптама жүргізу туралы ережеге" ("Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ" КЕАҚ Басқармасының шешімімен бекітілген, 22.10.2022 ж. № 15 хаттама) сәйкес ішкі мониторинг жыл сайын өткізіледі, БББ сапасын бақылау және арттыру мақсатында жұмыс берушілердің, қоғамның және академиялық ортаның өкілдеріне сыртқы сараптамаға жіберіледі. Ішкі және сыртқы мониторинг қорытындылары бойынша анықталған сәйкессіздіктермен және оларды жою жөніндегі ұсынымдары бойынша сараптамалық қорытынды жасалады.

6B02305-«Қазақ филологиясы», 7M02305-«Қазақ филологиясы» БББ мониторингі және мерзімді бағалау білім беру бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізуге, жоспарланған оқыту нәтижелерін толық қалыптастыруға бағытталған. ЖОО басшылығы мониторинг жүргізу және

мерзімді бағалау форматына қойылатын өз талаптарын айқындаған. Қолдау қызметтері білім алушылардың әртүрлі топтарының қажеттіліктерін айқындайды және қанағаттандырады, оларды қолдауды қамтамасыз етеді. БББ үнемі бағалаудан өтеді және білім алушылар мен басқа да стейкхолдерлерді тарта отырып қаралады. БББ әзірлеу сапасы келесі параметрлерді бағалау арқылы бағаланады: 1) БББ-на еңбек нарығындағы сұраныс (республикалық, аймақтық немесе жергілікті деңгейде); 2) БББ жүзеге асыру үшін Университеттің әлеуетін көрсету; 3) оқу нәтижелеріне толық қол жеткізу үшін қажетті академиялық кредиттер көлемін анықтау; 4) БББ-да көзделген білім алушылардың оқу нәтижелерінің дамуын бағалау әдістерінің сәйкестігі; 5) мүдделі тараптармен сындарлы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету; 6) оқыту, оқу және бағалау процесінің ашықтығы; 7) мониторинг нәтижелері бойынша БББ-ны үздіксіз жетілдіруді қамтамасыз ету. БББ әзірлеу сапасын бағалауды бөлімдер Сапаны бағалау бөлімімен бірлесіп, мүдделі тараптарды тарта отырып жүргізеді.

Ішкі мониторинг жыл сайын Басқарма төрағасы – Университет Ректорының бұйрығы негізінде және «Білім беру бағдарламаларын іске асыру сапасына мониторинг және сараптама жүргізу туралы» ережеге сәйкес жүргізіледі («Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ» КЕАҚ Басқармасының шешімімен бекітілген, №15 хаттама, 22.10.2022 ж.).

Ішкі мониторинг нәтижелері бойынша анықталған сәйкессіздіктер туралы қорытынды және оларды жою бойынша тиісті жоспарларға сәйкес ұсынымдармен есеп жасалады.

Ағымдағы оқу жылында Басқарма Төрағасы-Ректор Е.Сыдықовтың 2023 жылғы 12 қаңтардағы № 21-бұйрығымен білім беру бағдарламаларының іске асырылу сапасын бақылау және сараптау мақсатында Мониторинг тобы құрылды. Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор төрағалық ететін Мониторинг тобының құрамына сапаны бағалау бөлімінің қызметкерлерінен басқа кафедралар мен бөлімдердің құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері, университеттің ПОҚ-тың өкілдері кіреді.

2023 жылғы 12 қаңтарда Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер жөніндегі проректорымен 2023 жылғы 6 ақпан мен 21 маусым аралығындағы кезеңге білім беру бағдарламаларының орындалу сапасына мониторинг жүргізу және сараптау кестесі бекітілді.

Мониторинг нәтижелері бойынша қорытынды есеп және білім беру бағдарламалары контекстіндегі есептер дайындалады. Есептер кафедралармен алдын ала талқыланады және анықталған ескертулерді қарау және жою үшін жіберіледі.

Нақты пән бойынша ғылым мен технологияның соңғы жетістіктері контекстіндегі бағдарламалардың мазмұны 2020, 2021, 2022, 2023 жылғы 6В02305-«Қазақ филологиясы», 7М02305-«Қазақ филологиясы» БББ-ының мазмұнына өзгерістер енгізілген. БББ-дағы міндетті және элективті пәндер мазмұнын қазіргі әлемдік лингвистика және әдебиеттің бағытына сәйкес жетілдіру мақсатында 10-12 пайызға жаңартылды. 2020 жылғы БББ-ға «Қазақ этнолингвистикасы», «Күрделі синтаксистік бірліктер», «Латын әліпбиі», «Қазақ тілін зерттеу әдістері мен әдіснамасы»; 2021 жылғы БББ-ға «Корпус лингвистикасы», «Саяси лингвистика», «Лингвоэкология», «Лингвомәдениеттану», «Академиялық жазу»; 2022 жылғы БББ-ға жаңартылған білім мазмұнына сәйкес «Қазақ әдебиетін жаңаша оқыту технологиялары мен әдістемесі», «Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі», «Ономастика негіздері», «Әдебиет теориясы және эстетика», «Сын жанрлары», «Компьютер лингвистикасы»; 2023 жылғы БББ-ға «Ғылыми зерттеу негіздері», «Салалық терминология», «Ортақ түркі әдебиеті», «Тілді зерттеу әдістері» пәндері енгізілген: <https://ff.enu.kz/subpage/obrazovatel-nye-programmy-kafedra-kazahskogo-yazykoznaniya>

Қоғам мен кәсіби орта қажеттіліктерінің өзгеру бағыттары: Еңбек нарығы үнемі өзгеріп отырады, сондай-ақ қоғамның кәсіби-кадрлық құрылымға және кадрларды даярлау деңгейлеріне деген қажеттілігі өзгеруде. БББ гуманитарлық ғылымдар саласында интегративті білімі бар, ғылыми зерттеудің жалпы ғылыми және кәсіби әдіснамасын меңгерген, бәсекеге қабілетті нарықтық қатынастар жағдайында Қазақстан Республикасының ғылымын, білімін, адами ресурстарын дамытуға бағытталған нақты эмпирикалық міндеттерді шешуге қабілетті кадр даярлауға ықпал етеді.

Білім алушылардың жүктемесі, үлгерімі және бітіруі: Білім алушылардың жүктемесі, үлгерім

деңгейі және білім алушылардың бітіруі нормативтік талаптарға сәйкес келеді; білім алушылар БББ-да жоспарланған және қабылданған іс-әрекеттері туралы хабардар етіледі. БББ әзірлеу кезінде білім алушылардың оқу жүктемесінің еңбек сыйымдылығы, оқу жоспарында көзделген оның оқу қызметінің барлық түрлері, оның ішінде аудиториялық және өзіндік жұмыс, практика және т.б. ескеріледі.

Білім алушыларды бағалау рәсімдерінің тиімділігі: Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың негізгі мақсаты – алынған білім беру нәтижелерінің алдын ала жоспарланған деңгейіне сәйкес келу дәрежесін анықтау. Білім алушылардың үлгерімі мен жетістіктерінің мониторингін кафедра, деканат және офис-тіркеуші жүзеге асырады. Бүкіл оқу кезеңінде 240 академиялық кредитті меңгерген, диплом жұмысын табысты қорғаған тұлғаға 6В02305 - «Қазақ филологиясы» БББ бойынша «тіл білімі бакалавры» біліктілігі бар мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі; 240 академиялық кредитті меңгерген, магистрлік диссертациясын сәтті қорғаған магистрантқа 7М02305 – «Қазақ филологиясы» БББ бойынша филология ғылымдарының магистрі дәрежесін растайтын диплом беріледі.

Оқу үдерісінде білім жетістігін бағалаудың критериалды жүйесі қолданылады. Білім алушылардың өздік жұмысы (БӨЖ) мен қорытынды емтихан тапсырмаларының критерийлерін оқытушы мен білім алушылардың алдын-ала бірге талқылап, айқындап алуы сол тапсырманы орындау кезінде үлкен көмек болады.

Білім алушылардың қажеттіліктері мен қанағаттану дәрежесі: БББ туралы ақпарат жинау үшін, білім алушылардың қанағаттануы, Қазақ тіл білімі кафедрасы және Қазақ әдебиеті кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы арасында сауалнама жүргізіледі, кездесулер ұйымдастырылады. БББ басқару жүйесінің ашықтығы келесі шарттармен қамтамасыз етіледі: университет сайтында мүдделі тараптар үшін ЖОО қызметінің барлық бағыттары бойынша ақпараттың қолжетімділігі; кері байланыс жүйесінің қызмет етуі; ПОҚ мен білім алушылардың ЖОО-ның алқалы органдарына қатысуы; нормативтік құжаттама базасын қалыптастыру және оның ПОҚ пен білім алушыларға қолжетімділігі; барлық білім беру бағдарламаларын қолдайтын ақпараттық жүйелерді енгізу.

Әр оқытушының оқыту сапасы белгілі бір бағалау шкаласы бойынша бағаланады. Бағалар оқыту сапасының критерийлері бойынша қойылады. Сонымен қатар білім алушылар өз пікірлерін, тілектерін «Platonus» ААЖ-де жаза алады. Онда білім алушылар оқытушыларға алғыс, сондай-ақ оқыту әдістемесіне, оқыту тілін (ағылшын, орыс, қазақ) меңгеру деңгейіне және т.б. қатысты пікір білдіре алады. БББ басшылығы пікірлерді талдайды және оқытушыға ұсынымдар әзірлейді. Сауалнама нәтижелерін талдау, пікірлер мен ұсыныстар негізінде Ғылыми кеңестің қарауына есеп береді, оның қорытындысы бойынша факультет білім алушылардың білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану деңгейі туралы ақпарат алады.

Білім алушылармен кері байланыс электрондық пошта арқылы және университет басшылығымен кездесулер өткізу арқылы жүзеге асырылады. Білім алушылардың қанағаттануын бағалау Platonus арқылы тұрақты сауалнамалар негізінде жүзеге асырылады:

- пәндерді оқыту сапасы туралы білім алушылар арасында жыл сайын сауалнама жүргізіледі;
- жұмыс берушілерге түлектерді даярлау сапасы туралы мәселе қойылады;
- түлектерге білім сапасы мен жұмысқа орналасу туралы сұрақ қойылады.

Білім беру ортасының және қолдау көрсету қызметінің ББ мақсаттарына сәйкестігі: БББ басшылығы тарапынан БББ мақсатына қол жеткізуде қазіргі заманғы жабдықтармен қамтамасыз еткен. БББ бойынша оқыту үдерісін ұйымдастыру үшін қолданылатын ресурстар жеткілікті. БББ-ның білім алушылары Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дің Қажымұқан, 11 мекенжайы бойынша орналасқан оқу-зертханалық ғимаратта оқиды. Оқу үдерісінде атаулы 5 кабинет қолданылады: Абай дәрісханасы (321-ауд.), Ә.Шәріпов дәрісханасы (323-ауд.), А.Байтұрсынұлы аудиториясы (220-ауд.), академик М.С.Серғалиев дәрісханасы (203-ауд.), Р.Нұрғали аудиториясы (218-ауд.). Бұл кабинеттердің әрқайсысы заманауи мультимедиялық құрылғылармен (интерактивті тақта, проектор), оқу, ғылыми және ақпараттық әдебиетпен қамтамасыз етілген. 350 орындық «Отырар» ғылыми оқу залының қорын қолдану мүмкіндігі бар. «Отырар» кітапханасының электронды қор залы ғаламтор желісіне жалғанған 45 компьютермен қамтылған.

Білім беру бағдарламаларын тұрақты мониторингілеу, мерзімді бағалау және қайта қарау олардың тиімді іске асырылуын қамтамасыз ету және білім алушылар үшін қолайлы оқу ортасын құру мақсатын көздейді.

Барлық мүдделі тұлғалардың БББ мазмұны туралы хабардар болуы ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы жүзеге асырылады, мысалы, Platonus ААЖ, Университеттің ресми сайты <http://edu.enu.kz> кафедра сайты, әлеуметтік желілер және т.б.

Білім алушының ағымдағы және аралық үлгерімінің нәтижелері «Platonus» ААЖ базасында ұсынылған, оған білім алушылар мен қажет болған жағдайда олардың ата-аналарына қол жетімді. Кафедралардың ОӘК 100% электронды түрде ұсынылған және ЕҰУ білім беру сайтында Platonus ААЖ-де орналастырылған <https://edu.enu.kz/>, <http://lib.enu.kz/>. Университеттің ресми сайтында ұсыныстар, ескертулер мен шағымдар жазуға арналған Ректордың блогы бар <https://www.enu.kz/kz/blog>, жауап 3 күн ішінде беріледі.

Білім алушылардың әртүрлі топтарының қажеттіліктері және олардың қанағаттану дәрежесі Сапаны бағалау бөлімі жүргізетін сауалнамалар, Jastar департаменті жүргізетін сауалнама, сондай-ақ білім алушылардың шығармашылық, зерттеу әлеуетін психологиялық диагностикалау; тренингтерге қатысу, жеке және топтық кеңес беру барысында анықталады.

Сауалнама нәтижелері білім алушылардың әртүрлі топтарының қажеттіліктерін анықтайды. ЕҰУ-да білім алушыларға қолдау көрсету бойынша психологиялық қолдау қызметі жұмыс істейді.

Психологиялық қолдау қызметі мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады: психодиагностикалық, консультациялық, ағартушылық-профилактикалық, түзету-дамытушылық, әлеуметтік-ақпараттық. Қызметтің өзінің Telegram-арнасы бар, ZOOM Веб-платформасы арқылы университеттің білім алушыларымен және қызметкерлерімен өзара іс-қимыл жасайды. Анонимді сенім телефоны жұмыс істейді.

Сараптамалық бөлім

ББ мониторингі мен бағалау процестері жүйелілік пен кезеңділікпен сипатталады. ББ іске асырумен, ББ шеңберінде білім алушылардың ілгерілеуіне мониторингпен байланысты барлық процестер құжатталған, пәндер курстарының логикалық реттілігін нақты айқындау сақталады.

Сыртқы өзгерістерді талдау үшін еңбек нарығындағы түлектер мен әлеуетті жұмыс берушілер арасында әңгімелесу, сауалнама нысанында БББ мониторингі жүргізіледі және БББ басшылығы үшін курстар, біліктілікті арттыру семинарларын ұйымдастыру және өткізу де ықпал етеді.

БББ мақсаттарына қол жеткізілуі БББ түлектерін жұмысқа орналастырудың жоғары көрсеткішімен куәландырылады.

ССК БББ даярлау кезінде әзірлеушілер мемлекеттің, қоғамның қажеттіліктерін ескеретінін атап өткен. Кафедраларға бару және құжаттарды зерттеу нәтижесінде ССК мүшелері университетте тұрақты мониторинг және БЖ мерзімді бағалау жүргізілетініне көз жеткізді.

Үлгерімді талдау сонымен қатар білім алушыларды бағалау рәсімдерінің тиімділік деңгейін береді, кафедралар білім алушыларды бағалау формаларының пәнді оқыту нәтижелеріне сәйкестігін талдайды. БББ әзірлеу үшін жұмыс топтарына сабақтас мамандықтардың оқытушылары, білім алушылар, жұмыс берушілер қатысады. Оны өткізуге білім беру бағдарламасының академиялық комитетінің төрағалары жауапты.

Қазақ тіл білімі және әдебиеттану, әлеуметтік-гуманитарлық және ақпараттық-технологиялық салалардағы соңғы ғылыми жетістіктерді ескере отырып, білім берудің барлық деңгейлеріне арналған білім беру бағдарламасын әзірлейді.

БББ-ның мақсаттары мен міндеттері жұмыс берушілердің сұранысына ие, теориялық білімдерімен қатар практикалық кәсіптік дағдыларды меңгерген, өзінің мамандығы бойынша өз деңгейінде жұмыс істеуге қабілетті, қазіргі заманғы маманға, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман даярлауға негізделген әртүрлі секторлар мен жүйелерді даярлауда жаңа тәсілді қалыптастыруға бағытталған.

Тұтынушылар мен басқа да мүдделі тараптардың сапалы жоғары кәсіптік білім алуда қанағаттанушылық деңгейін арттыру үшін, 6В02305 – «Қазақ филологиясы», 7М02305 – «Қазақ филологиясы» БББ стейкхолдерлер мен басқа да мүдделі тұлғалардың пікірін ескере отырып, білім

беру бағдарламасының мазмұнын қайта қарап жаңартады. Ғылыми-зерттеу жұмыстары болашақ мамандарды дайындаудың міндетті элементі болып табылады. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын жүзеге асыру үшін түрлі формалар пайдаланылады.

Серіктестік қарым-қатынас форматындағы стейкхолдерлермен өзара іс-әрекет келесі жұмыстарда жүзеге асырылады: практика өткізу үшін базаларды ұсыну; университет ұйымдастырған конференцияларға қатысу; жұмыс берушілердің сауалнамаға қатысуы. БББ жобалау және әзірлеу жүйелік іс-әрекет тәсілін ескере отырып жүргізіледі. БББ жобалау кезінде, 6B02305 – «Қазақ филологиясы», 7M02305 – «Қазақ филологиясы» БББ бағытталған еңбек нарығын, стейкхолдерлердің өтінімдерін және болашақ түлектерді жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін талдайды. БББ жұмыс берушілер мен университет түлектерін міндетті жалпы мәдени, кәсіби және қосымша құзыреттердің құрамын анықтау мақсатында мониторинг жүргізіледі. Еңбек нарығының талаптары ескеріліп 6B02305 – «Қазақ филологиясы», 7M02305 – «Қазақ филологиясы» БББ талқыланады, соның нәтижесінде ұсыныстар мен тілектерді ескере отырып жаңа элективті курстар әзірленеді (<https://fph.enu.kz/kz/page/departments/department-of-kazakh-linguistics/education-programmes>). ЖОО еңбек нарығындағы өзгерістерді, жұмыс берушілердің талаптарын және қоғамның әлеуметтік сұранысын ескере отырып, БББ мазмұны мен құрылымын қайта қарауды қамтамасыз етеді. БББ-ны қайта қарау тәртібі мамандықтың мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес жүзеге асырылады. Университетте БББ сапасын әзірлеу және бағалау процедурасы құжатталған, БББ сапасын бағалаудың жиілігі, формалары мен әдістері БББ дамыту жоспарларында белгіленген. БББ мониторингі, бағалау және өзектендіру рәсімдеріне ішкі және сыртқы стейкхолдерлер тартылады. Ұйымдар барлық стейкхолдерлерді осы рәсімдерге қатысты алдағы немесе жүргізілген іс-қимылдар туралы уақтылы хабардар етіледі. Талдау барысында ББ Стандартқа сәйкестігі көрініс табады. ББ мониторингі және оларды мерзімді бағалау, БББ-ны іске асырудың қол жеткізілген нәтижелерінің сыртқы бағасы, білім алушылардың оқу жүктемесінің, үлгерімінің және бітіруінің мониторингінде өсу байқалады.

«6B02305 Қазақ филологиясы, 7M02305 Қазақ филологиясы» БББ күшті жақтары:

- бұл стандарт бойынша анықталмады

«6B02305 Қазақ филологиясы, 7M02305 Қазақ филологиясы» БББ бойынша ССК ұсыныстары:

- бұл стандарт бойынша ұсыныстар жоқ

Критерийлер бойынша ССК қорытындысы:

«Білім беру бағдарламаларын тұрақты мониторингілеу және мерзімді бағалау» стандарты бойынша «6B02305 – Қазақ филологиясы», «7M02305 - Қазақ филологиясы» БББ 10 критерий бойынша ашылды, оның барлығы қанағаттанарлық.

6.5. «Білім алушыларға бағдарланған білім беру, оқыту және үлгерімді бағалау» стандарты

Дәлелдеу бөлімі

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-да білім алушы білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде басты қатысушы болып табылады, сондықтан оқу процесінің сапасын қамтамасыз ету кезінде ЖОО-дағы білім алушылардың барлық топтарының тілектері, ұсыныстары ескеріледі. Оларға келесі топтар жатады: ерекше дарынды білім алушылар, көп балалы отбасыдан шыққан білім алушылар, жетім балалар, мемлекет қамқорлығында жүрген және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балалар, білім алуда ерекше қажеттілігі бар білім алушылар. Ерекше білім алушылар ретінде «Алтын белгі» иегерлерін айтуға болады. 2019-2020 оқу жылы 1 «Алтын белгі» иегері, 2020-2021 оқу жылы 5 «Алтын белгі» иегері, 2021-2022 оқу жылы 17 «Алтын белгі» иегері, 2022-2023 оқу жылы 4 «Алтын белгі» иегері, 2023-2024 оқу жылы 5 «Алтын белгі» иегері түсті. Жалпы

саны – 32. Көп балалы отбасынан шыққан – 7 студент; жетім балалар – 2 студент. БББ аясында білім алуда ерекше қажеттілігі бар білім алушылар жоқ.

6B02305 – «Қазақ филологиясы», 7M02305 – «Қазақ филологиясы» БББ барлық қатысушылары оқу процесіне және басқа материалдық ресурстарға тең қол жеткізе алады.

Университетте ерекше қажеттіліктері бар студенттерді қолдау бойынша жұмыстарды жүйелі түрде жүргізудің жоспары бар. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін жағдайлар жасалған, мысалы: сабақ кестесі олардың мүдделерін ескере отырып құрастырылады, қажет болған жағдайда оларға жеке дайындық кестесі беріледі; ғылыми кітапханадағыдай оқу үшін, оқулықтарға еркін қол жетімділік бар (<https://lib.enu.kz> <https://library.enu.kz/> оқу-әдістемелік материалдар электрондық нұсқада үйде оқуға ұсынылады; қажет болған жағдайда сабақтар "Platonus", Moodle ENU ақпараттық жүйелері сияқты қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалана отырып жүргізіледі.

Университетте білім алушыларды қолдау қызметтері, оның ішінде инклюзивті қолдау орталығы құрылды (08.02.2023 ж. №2 хаттама), білім алушыларды, ПОҚ және қызметкерлерді психологиялық тұрғыда қолдау қызметі (<https://www.enu.kz/kz/page/student-life/jastar-department/psychological-support-service>) (01.12.2022 ж. №1455-ТК бұйрығы), студенттік бастамалар бөлімі (08.10.2021 ж. студенттік бастамалар бөлімі туралы ереже).

Оқуда қиындықтары бар, әртүрлі себептерге байланысты білім беру бағдарламаларын меңгеруде артта қалған білім алушыларды, сондай-ақ жазғы семестрлер барысында бағдарламаны тереңірек игеруге, қосымша кредиттерді игеруге ұмтылатын білім алушыларды қолдау бойынша жұмыс жүргізілуде.

БББ бойынша білім алушыларға арналған пәндер жүйесінің таңдау бойынша компоненттері қазақ филологиясы бағытына сәйкес ұсынылады. Білім алушылар топтарының қажеттіліктері мен оқыту сапасына қанағаттану деңгейлерін анықтау мақсатында үнемі сауалнамалар жүргізіліп, нәтижелері кафедра отырыстарында талқыланады.

Кредиттік технология ережелеріне сәйкес білім алушыларға білім беру бағдарламасы бойынша жеке оқу траекториясын айқындау мақсатында элективті пәндерді таңдауға мүмкіндік беріледі. Білім алушылар академиялық кезеңде элективті пәндерді таңдайды және академиялық мәселелер бойынша кеңес беру мақсатында топтардың эдвайзерлері тағайындалды.

Кафедрада оқытушылардың өзара сабаққа қатысу журналы бар. Оқыту әдістері, сабақ түрлері осы журналда көрсетіледі. БӨЖ тапсырмалары эссе жазу, сауалнама жүргізу, өз зерттеу тақырыптарының әдістемелік бөлімі бойынша интерактивті тапсырмалар дайындау т.б. түрінде түрлендіріліп ұйымдастырылады. Критериалды бағалау жүйесіне сәйкес анықталатын оқу нәтижелері қолданылатын әдістердің тиімділігін көрсетеді.

БББ басшылығы БББ бойынша білім алушылардың оқу жүктемесін теория мен практика арасында бөлінуін қадағалайды. Кредиттік жүйе теория мен практиканы ұштастыра білім беруге негізделгендіктен, оқытушы дәріс кезінде (1 сағат) негізгі бағыттарды беріп, талқылау мен өздік жұмысқа көбірек уақыт талап етілетіндіктен, аудиториялық сабақтың көбірек үлесі практикалық сабаққа (2 сағат) бөлінеді.

Білім беру бағдарламасы аясында ПОҚ-тың өзіндік зерттеулері бар. ПОҚ-тың ғылыми зерттеулерінің нәтижелері бойынша авторлық құқық туралы куәліктер алынған. Зерттеулер оқу пәндері қарастыратын мәселелер аясында жүргізілген және оқыту әдістемесін жетілдіруге әсері жоғары.

Білім алушылардың үлгерім жетістігі «Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ КЕАҚ білім алушыларының үлгеріміне ағымдағы және аралық бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізу ережесі» аясында реттеледі.

Білім алушылардың білімін бағалау балдық-рейтингтік жүйе бойынша жүргізіледі және ол Platonus ААЖ-нде айқын көрсетіледі. Білім алушылардың барлық бағаларының орташа мәні GPA болып табылады.

Пән бойынша аралық, қорытынды сынақ, СӨЖ, МӨЖ тапсырмалары беріліп, бағаланады. Емтихан билеттері, тест тапсырмалары, бағалау критерийлері, бекіту хаттамасы, емтихан паспорты емтиханға дейін 1 ай бұрын дайындалып, папкаға салынып, кафедрада сақталады. Білім алушылар

мен оқытушылардың академиялық адалдығын орнатуға оқу процесінде Platonus ААЖ қолдану ықпал етеді, бұл білім алушының академиялық үлгерімін айқын көрсетуге мүмкіндік береді.

Оқыту нәтижелерін бағалаудың тетіктері үнемі жетілдіріліп отырады. Барлық оқытушылар өздерінің педагогикалық біліктіліктерін университет базасында оқу жылы бойы ұйымдастырылатын курстар мен әдістемелік вебинарларға қатысу арқылы жетілдіреді. ПОҚ оқу нәтижелерін бағалаудың заманауи әдістерін жетік меңгере отыра, осы саладағы дағдыларын үнемі жетілдіріп отырады. Ағымдық кезеңде Қазақ тіл білімі және қазақ әдебиеті кафедраларының профессорлық-оқытушылық құрамы 48 біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Оның ішінде республикалық, халықаралық деңгейдегі білім арттыру курстары да бар.

Көрсетілетін білім беру қызметінің сапасын бағалау ішкі әлеуметтік зерттеулер шеңберінде жүзеге асырылады. Университет сайтында оқу үдерісінің сапасы туралы профессорлық-оқытушылық құрам, қызметкерлер және білім алушылар арасында онлайн сауалнама жүргізіледі ([Сауалнама нәтижелері 2021, 2022, 2023](#)).

Ұсыныстар, ескертулер мен шағымдар енгізу үшін ректордың (<https://enu.kz/kz/blog>) блогы жұмыс істейді, онда жауап 3 күн ішінде беріледі.

Декан мен декан орынбасарларының байланыс координаттары (<https://ff.enu.kz/page/virtualoffice>) мекен-жайы бойынша қолжетімді. Сондай-ақ ректор, проректорлар және деканмен жеке қабылдау уақытында немесе алдын ала жазылу арқылы жеке кездесу мүмкіндігі бар; Басқарма төрағасы-ректор мен басқарма мүшелері-проректорлар туралы ақпарат Университет сайтының Ректорат және Байланыс бөлімдерінде орналастырылған (<https://enu.kz/kz/page/contacts/administration>, <https://enu.kz/kz/page/contacts/administration>).

Ұсыныстар, шағымдар білім алушылардың оқытушылармен бірлескен алқалы органдар отырыстары кезінде айтылуы мүмкін. Білім алушылардың қанағаттану дәрежесін анықтау бағытында, оқытушылардың жауапкершілігі мен адами қасиеттерін, сонымен қатар басқа аспектілерді анықтау мақсатында үнемі жасырын сауалнама өткізіліп тұрады. Әр оқу ғимаратында шағымдар мен ұсыныстардың жәшіктері орналастырылған, сонымен қатар Университеттің ресми Ректор блогы, факультет деканы блогы; әлеуметтік желілердегі парақтар (<https://www.youtube.com/user/ENUGumilyov>, <https://www.facebook.com/enukz>, https://www.instagram.com/enugumilyov_official/) бар.

Сараптамалық бөлім.

Кафедралар білім алушылар үшін оқыту сапасын жетілдіріп, оның жаңаша ұстанымдарын бағдар етеді. БББ бойынша білім алушылардың оқу жүктемесі теория мен практика арасында сәйкес бөлінуін қадағалу, білім беру траекториялары нарықтық қажеттілікке, білім алушылардың контингентіне орай түзетіліп, толықтырылған. БББ жүзеге асыруда ОПҚ оңтайлы әдіс-тәсілдерді, атап айтқанда, академиялық дәрістерден басқа, шолу дәрісі, ғылыми бағыттағы семинар, дөңгелек стол, дискуссия түріндегі дәрістер өтеді.

Кредиттік технология ережелеріне сәйкес білім алушыларға 6В02305 – «Қазақ филологиясы», 7М02305 – «Қазақ филологиясы» БББ бойынша элективті пәндерді таңдауға мүмкіндік берілген. ПОҚ құрамы білім алушылардың үлгерімін, оқу және оның нәтижесіне сай дағдылар мен талаптарды орнықтырып, олардың кәсіби күзіреттілігіне сәйкестігін анықтайтын біліктіліктің қалыптасуына ықпал етеді. Осы негізде білім алушылардың оқу үдерісін, ғылыми-зерттеу бағытындағы жұмыспен айналысуын тиімді етіп, академиялық ұтқырлықты оңтайлы ұйымдастыру басты назарға алынған. Бағалаушы тұлғалар оқыту нәтижелерін бағалаудың тетіктерін үнемі жетілдіріп отырады. Барлық оқытушылар өздерінің педагогикалық біліктіліктерін университет базасында оқу жылы бойы ұйымдастырылатын курстар мен әдістемелік вебинарларға қатысу арқылы жетілдіретіні университет сайтында виртуалды әдістемелік кабинеттің жұмыс жасауы ПОҚ-тың кәсіби шеберлігін дамытуға, жас мамандарға тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді.

Білім беру бағдарламасының (БББ) басшылығы ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларды қолдау бойынша жұмыстарды жоспарлы жүргізуге дайындық қанағаттанарлық емес. Ол үшін техникалық жағынан ғана емес, оқу-әдістемелік жағынан да қамтамасыз етуді қарастыру қажет.

БББ бойынша ерекше қажеттіліктері бар білім алушылар жоқ. Әлеуметтік осал топ, мүгедектер туралы жалпылай университет көлемінде айтылған, дегенмен де жоспар жасап, ондай білім алушыларды қабылдауға дайын болуы тиіс.

Есепте әлеуметтік осал топ, мүгедектер туралы жалпылай университет көлемінде айтылған, пікірге ұсынылып отырған БББ бойынша нақты дерек келтірілмеген.

«6B02305 Қазақ филологиясы, 7M02305 Қазақ филологиясы» БББ күшті жақтары:

- ББ пәндерін оқыту әдістемесі саласында жеке зерттеулердің болуы маңызды фактор болып табылады. БББ басшылығы ғылыми зерттеулерге белсене қатысады. 2018-2023 жылдары 14 ғылыми гранттық жобалар ұтып алынған, олардың нәтижелері бойынша авторлық құқық туралы куәліктер алынған. Зерттеулер оқу пәндері қарастыратын мәселелер аясында жүргізілген және оқыту әдістемесін жетілдіруге әсері жоғары. Білім беру бағдарламасы аясында ПОҚ-тың өзіндік зерттеулері бар. Мысалы Республикада алғаш рет «Қазақ лигвофольклористикасы» пәні осы аттас жобаның негізінде енгізілген. Оқытушылардың гранттық жобаларының негізінде ББ-ға бірнеше пән енгізілген.

«6B02305 Қазақ филологиясы, 7M02305 Қазақ филологиясы» БББ бойынша ССК ұсыныстары:

- білім беру бағдарламасының (БББ) басшылығы ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларды қолдау бойынша жұмыстарды жоспарлы жүргізуге дайын болуы тиіс (мерзімі 01.09.2024 ж.).

Критерийлер бойынша ССК қорытындысы:

«Білім алушыларға бағдарланған білім беру, оқыту және үлгерімді бағалау» стандарты бойынша "6B02305 – Қазақ филологиясы", "7M02305 - Қазақ филологиясы" білім беру бағдарламаларының 1 позициясы күшті, 9 позициясы қанағаттанарлық.

6.6. «Білім алушылар» стандарты

Дәлелдеу бөлімі

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-да білім алушыларды кәсіптік бағдарлау және кейіннен қолдау саласында жұмыс ұйымдастырылды, білім алушылар контингентін қалыптастыру саясаты мен қағидаттары, білім алушылардың қажетті кәсіби деңгейге жетуі үшін білім беру ортасын құру қағидаттары, білім алушылардың ЖОО-ның алқалы басқару органдарында өкілдігі, білім алушыларды кері байланыс және ақпараттандыру әдістері, білім алушылардың мәдени және қоғамдық өмірінің аспектілері келтірілген.

Контингенттің негізгі ақпарат көздерінің бірі университет сайты болып табылады <https://enu.kz/ru/>, онда барлық қажетті ақпарат орналастырылады. Университет сайтында білім алушылар контингентінің қозғалысы бойынша барлық ақпарат ұсынылған (қабылдау ережелері, БББ, оқуға қабылдау туралы бұйрықтар, курстан курсқа, басқа жоғары оқу орындарынан, бір тілдік бағыттан екіншісіне ауысу, академиялық демалыс беру, кредиттерді қайта тапсыру тәртібі т.б.). Сондай-ақ, білім алушылар Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ білім алушыларының анықтамалық-жолсілтемесінен ЕҰУ құрылымы мен қызметі туралы толық ақпарат алу мүмкіндігіне ие <https://enu.kz/kz/page/for-students/bachelor/students-guide>

ББ басшылығы оқуға түсушілер мен шетелдік білім алушылар үшін арнайы бағдарламалар жүргізуді көздейді. Кафедрада, жалпы ЖОО сияқты, шетелдік білім алушылардың әлеуметтік-мәдени бейімделуіне, әлеуметтік-психологиялық бейімделуіне, педагогикалық бейімделуіне ықпал ететін іс-шаралар өткізіледі.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыру аясында Университет Лиссабон конвенциясы қағидаттары негізінде «Шығыс академиялық ұтқырлық» туралы ереже әзірледі <https://web.enu.kz/kz/page/cooperation/academic-mobility>, оның аясында білім алушылардың шетелдік жоғары оқу орындарында алған барлық нәтижелері университетте танылады. «Л.Н. Гумилев

атындағы ЕҰУ-де ECTS типі бойынша кредиттерді қайта есептеу тәртібі туралы ереже» бекітілген. Осы Ереже Лиссабон конвенциясы, Ереван коммюникесі және Болон процесінің басқа да ресми құжаттары бойынша «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КЕАҚ-да білім беру қызметін ұйымдастыру тәртібі регламенттеу негізінде басқа қазақстандық және шетелдік жоғары оқу орындарында алған оқу курстарын мойындау мақсатында әзірленді. Білім алушылардың сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығын қамтамасыз ету, сондай-ақ оларға оқу үшін сыртқы гранттар алуға жәрдемдесу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шетелдік және қазақстандық ЖОО-лармен келісімшарт жасалды: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Қазақстан), Абай атындағы ҚазҰПУ (Қазақстан), Памуккале университеті (Түркия). Толық мәлімет www.enu.kz сайтында «Халықаралық ынтымақтастық» бөлімінде берілген ([Академиялық ұтқырлық \(enu.kz\)](http://www.enu.kz)).

БББ магистранттары академиялық ұтқырлық туралы ақпаратпен университет сайтынан таныса алады (<https://web.enu.kz/kz/page/cooperation/academic-mobility>).

БББ білім алушылары университет қаржыландыратын академиялық ұтқырлық бағдарламасын орындау мақсатында 2018-2023 жылдар аралығында диссертация және оқу, оқыту үрдісіне байланысты И.В.Гёте атындағы Франкфурт университеті (Германия) (академиялық ұтқырлық - Google Drive) мен Памуккале университетінде (Туркия) (академиялық ұтқырлық - Google Drive), тағылымдамадан Еге университеті (Измир, Туркия), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы), Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, М. Әуезов атындағы Әдебиет институтында (Алматы), Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығында (Астана) өтті.

Кредиттік оқыту жүйесіне сәйкес БББ бойынша білім алушылардың ішкі және сыртқы ұтқырлықты қамтамасыз ету мүмкіндіктері қарастырылып жатыр. Пандемияға байланысты 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдары академиялық ұтқырлықпен студенттер шетелге жіберілмеген. 2019-2020 оқу жылы 2 магистрант, 2022-2023 оқу жылы 2 магистрант академиялық ұтқырлықпен шетелдік жоғары оқу орындарында білім алып келсе, 2023-2024 оқу жылы 2 магистрант академиялық ұтқырлықпен шетелге кеткен. 2022-2023 оқу жылынан бастап бакалавриат бойынша академиялық ұтқырлықпен 5 студент Түркияның Памуккале университетінде 1 семестр білім алып келсе, 2022-2023 оқу жылында 1 студент, 2023-2024 оқу жылында 4 студент Қытай Халық Республикасының Сиань шет тілдер университетінен 6B02305 – «Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша ЕҰУ-да білім алу жұмысы қайта жанданған.

Jastar департаментінің 2019 жылы құрылған Өнер орталығы міндеттері студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту, шығармашылық ұжымдар құру, музыкалық мұраны насихаттау, мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру сапасын арттыру, білім алушылардың шығармашылық әлеуетін анықтау және оларды шығармашылық бағыттағы университеттік іс-шараларға қатыстыру. Университетте Жастар департаментінің ұйымдастыруымен «Үздік староста» байқауында ФҚТ-31 тобының старостасы А.Жолдыбай 1-орынды иеленген. (<https://www.instagram.com/p/CrQvcr3NgIh/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>)

Білім алушылар арасында шығармашылық топтарды қалыптастыру мақсатында Орталық кастингтер өткізіледі. Мысалы, жыл сайын "E-Studio" вокалдық ұжымына, "Samurq" би мектебіне, "Shanyraq" театрына, "Dala Sazy" оркестріне, "Eurasia"тобына кіру үшін іріктеу жүргізіледі. Кастингтен өткеннен кейін білім алушы өзін қызықтыратын шығармашылық ұжымға қабылданады. Білім алушылар арасында өз қызметін танымал ету үшін Өнер орталығы жыл сайын презентациялар өткізеді, сондай-ақ кері байланыс үшін әлеуметтік желілер арқылы өз жұмысы туралы хабардар етеді.

Қазақ тіл білімі кафедрасында «XXI ғасыр лингвистері» атты ғылыми үйірме, қазақ әдебиеті кафедрасында «Топжарған», «Алқа», «Абай әлемі» атты мәдени-шығармашылық үйірмелер белсенді түрде жұмыс жасайды.

Қазақ әдебиеті кафедрасында 2020-2021 оқу жылынан бастап «Жас ғалым» үйірмесі жұмыс істейді. Оның мақсаты – білім алушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту, республикалық және халықаралық деңгейдегі ғылыми шараларға, жастарға арналған ғылыми гранттық жобаларға қатысуын ұйымдастыру, білім алушылардың үздік ғылыми мақалаларын жариялауға ықпал ету. Сол

сияқты студенттердің ғылыми жұмыстарының конкурсын, ғылыми конференцияларды ұйымдастыру. «Жас ғалым» үйірмесі өз жұмысын жоспар бойынша жүргізіп жатыр.

Дарынды студенттерді ғылымға тарту мақсатында «XXI ғасыр лингвистері», «Жас ғалым» үйірмелері жұмыс істейді. Білім алушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарға тарту, ғылыми гранттық жобаларға қатысуға бейімдейді. Ағымдық кезеңде 47 студент халықаралық, республикалық ғылыми конференцияларға қатысқан.

Сондай-ақ студенттер ғылыми жобаларға, конкурстарға, конференцияларға қатысып 25 жүлделі орынды иеленген.

Жас ғалымдарды қолдау үшін Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Жас ғалымдар кеңесі жұмыс істейді (<https://enu.kz/kz/page/science/scientific-innovation-activity/scientific-councils/council-of-young-scientists>). Кеңес университеттің қоғамдық ұйымы болып табылады және университеттің әртүрлі бөлімшелерінің өкілдерінен құрылады. Кеңес қызметінің мақсаттары: университеттің жас ғалымдарының кәсіби өсуін белсендіру, өзекті ғылыми мәселелерді әзірлеу және басым ғылыми міндеттерді шешу үшін олардың күш-жігерін біріктіру, сондай-ақ университеттің жас ғалымдарының инновациялық қызметін дамыту. Қолдаудың арқасында оқу үдерісінде магистранттар зерттеу және шығармашылық жұмыстарының нәтижелерін республикалық және халықаралық конференцияларда, симпозиумдарда, ҒЖБСҚК журналдарында көрсетеді. Магистранттардың ғылыми жарияланымдары кафедраның ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебінде қамтылып, кафедралардың мәжілісінде талқыланады. Магистранттардың отандық және шетелдік басылымдардағы ғылыми жарияланымдары бар.

Шетелдік әріптестермен ынтымақтастықты дамыту Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың басты стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады. Бүгінгі таңда Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ әлемнің 260-тан астам университеттерімен ынтымақтасады. Жасалған меморандумдар мен келісімдер шеңберінде академиялық ұтқырлық шеңберінде білім алушылармен алмасу бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде.

Оқу нәтижелері бойынша шетелдік білім алушы өткен пәндердің тізбесін, олар бойынша игерілген кредиттер мен алынған бағаларды көрсете отырып, транскрипт алады. Шетелдік білім алушылар барлық талаптармен, құжаттар тізбесімен, БББ туралы ақпаратпен университет сайтында таныса алады (<https://enu.kz/kz/page/cooperation>). Академиялық ұтқырлық шеңберінде білім алушылардың бағдарламаларды таңдауда толық еркіндігі бар. Қазіргі уақытта ЕҰУ-да дербес қаржыландыру, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен, «ENU Students ambassador» университетінің қаражаты есебінен қаржыландыру, Эразмус+, Мевлана, Орхун, ИТЕС, Dora plus халықаралық бағдарламалары және серіктес жоғары оқу орындары, қорлар жіберетін басқа да бағдарламалар сияқты бағдарламалар іске асырылуда.

БББ білім алушылары үшін университет біліктілікті салыстырмалы түрде дамыту мақсатында басқа білім беру ұйымдарымен серіктестік қарым-қатынасты жүзеге асырады. ЕҰУ Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығымен, оның ішінде білім туралы құжаттарды, академиялық ұтқырлықты тану, шетелдік ғалымдарды тарту, шетелдік азаматтар үшін стипендиялар және т. б. бойынша ынтымақтастықты белсенді іске асырады.

Білім алушылардың практикасы ЖОО-да оқу процесінде алынған теориялық білімді бекітуге, практикалық дағдылар мен құзыреттіліктерді игеруге, сондай-ақ озық тәжірибені игеруге бағытталған жоғары/жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының құрамдас бөлігі болып табылады. Университет білім алушыларды практика орындарымен толық қамтамасыз етеді. Білім бағдарламасы бойынша білім алушылардың кәсіби практикасын ұйымдастыру және өткізу келісімшарттар негізінде жүзеге асырылады (<https://enu.kz/kz/page/university/management-and-structure/administrative-division/department-of-academic-affairs/career-and-business-partnership-department>). Практиканың базалық негіздері: тіл орталықтары («Тіл-Қазына», «Тілтаным»), Мемлекеттік ұйымдар (ҚР ҒЖБМ Тіл саясаты комитеті), Мерзімді басылымдар («Қазақ газеттері» ЖШС).

Практика базасы және оның керекті құжаттармен қамтамасыз ету дәрежесі талапқа сай. Орталықтармен жасалған келісімшарттар, практика бағдарламалары, практиканттардың құжаттары уақытылы қабылданады. Білім алушылардың практика барысындағы жетістіктері университет сайтында

жарияланып отырады: <https://ff.enu.kz/post/studenty-4-kursa-special-nosti-filologiya-kazahskij-yazyk-proshli-praktiku>. Университет түлектердің жұмысқа орналасуына да ерекше мән береді.

Жыл сайын университетте түрлі қызмет салаларындағы жұмыс берушілердің қатысуымен «Бос орындар» жәрмеңкесі өткізіледі.

БББ бойынша магистранттар ғылыми орталықтарда, орта мектептерде, арнаулы кәсіби және жоғары оқу орындарында, бұқаралық ақпарат құралдарында, министрліктер мен мемлекеттік органдарда қызмет етіп жатыр. Негізгі қызмет салалары – ғылыми қызметкер, мұғалім, оқытушы, әдеби редактор, жүргізуші диктор, арнайы хабарлар жетекшісі, іс қағаздарын жүргізуші, аудармашы, т.б. Сондай-ақ БББ бойынша докторантурада білімдерін жалғастырады.

Білім алушыларға университеттің ресми сайтында «Мансап» бөлімінде практика туралы ақпаратқа ашық қолжетімділік қамтамасыз етілген. (<https://enu.kz/kz/page/education/career/practice>).

ЖОО түлектерді диплом және оған транскрипт түрінде қол жеткізілген оқу нәтижелерін қоса алғанда, алған біліктілігін растайтын құжаттармен қамтамасыз етеді. Бакалавр дипломында Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ аттестаттау комиссиясының шешімі туралы ақпарат ұсынылған. «7М02305-Қазақ филологиясы» БББ бойынша тіл білімі бакалавры, 7М02305-«Қазақ филологиясы» БББ бойынша филология магистрі академиялық дәрежесі, дипломның жеке нөмірін көрсете отырып, АҚ төрағасы, ректор және хатшының қолы қойылады. Транскрипт – бұл пәннің кодын, алынған бағаның кредиттер санын (пайызбен, әріппен, баллмен, дәстүрлі) көрсете отырып, білім алушының бүкіл оқу кезеңінде өткен пәндерінің тізімі. 2021 жылдан бастап дипломда QR код бар. Дипломның жоғарғы сол жақ бұрышында Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ институционалдық аккредиттеу жөніндегі аккредиттеу агенттігінің логотипі мен атауы болады. Әрбір білім беру бағдарламасының өз үлгісіндегі білім туралы дипломдарға қосымшаларда аккредиттеуді жүргізген аккредиттеу агенттіктерінің логотиптері және (немесе) атаулары орналастырылады.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ түлектері белгіленген стандарттың негізгі дипломынан басқа Еуропалық үлгідегі дипломдық (Diploma Supplement) қосымша алуға құқылы. Дипломға қосымша халықаралық ашықтықты және біліктіліктерді (дипломдар, дәрежелер, қазақстандық үлгідегі сертификаттар) объективті академиялық және кәсіби тануды іске асыруды, академиялық ұтқырлықты және білім беру бағдарламаларының салыстырмалылығын дамытуды қамтамасыз етеді.

Сапаны бағалау бөлімі 2022 жылғы 5 қыркүйек пен 15 қазан аралығында "Жұмыс берушінің Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ түлектерін даярлау сапасына қанағаттануын бағалау" сауалнамасын жүргізді.

Еңбек нарығындағы сұранысты магистранттар толығымен қанағаттандырады. Осы жайт университет рейтингісінің жоғарылығын анықтайды. Сол сияқты университет қабырғасында бос орындар жәрмеңкесі ұйымдастырылып, мекеме, кәсіпорын басшыларымен кездесулер өткізіледі. Осыған қоса университеттің құрылымдық бөлімшесі болып табылатын Кәсіби бағдар беру бөлімі жұмыс істейді (<https://enu.kz/kz/page/university/management-and-structure/administrative-division/career-guidance-and-testing-center>). Кәсіби бағдар беру бөлімі бітіруші түлектердің кәсіптік практикадан өтуіне және мүмкіндігінше жұмысқа орналасуына септігін тигізетін ұйым болып табылады.

Университет жұмыс берушілермен бірге практикалық сабақтар, өндірістік практиканы ұйымдастыру және өткізу, филиалдарға жұмысқа орналасу мәселелері бойынша іс-шаралар өткізеді. Түлектер университет сайтындағы бос жұмыс орындары туралы ақпаратты пайдалана алады <https://enu.kz/kz/page/university/job-vacancy>. Университет БББ бітірушілерінің жұмысқа орналасу мониторингісін үнемі жүргізіп отырады.

2008 жылы ЕҰУ түлектерінің қауымдастығы құрылған. Құрылтайшылар құрамының жаңаруына, ұйымның атауын өзгертуге байланысты қауымдастық 2020 жылғы 20 қарашада қайта тіркеуден өткен. Қауымдастық өзінің Жарғысы негізінде жұмыс істейді және оны Президент, атқарушы директор және түлектердің құрылтайшылары басқарады.

Қауымдастықтың құрылтайшылары Жарғының 5.1-бабына сәйкес қажет болған жағдайда жылына кемінде бір рет жиналысқа шақырылады.

Сараптамалық бөлім

ССК мүшелері университетте контингенттің өсу динамикасы, жұмысқа орналасу пайызы жоғары екенін растады. Білім алушылар контингенті мемлекеттік білім беру гранттары мен келісімшарт негізінде қалыптасқан. БББ білім алушылары үшін білім алудың икемді формасы енгізілген. «6B02305 – «Қазақ филологиясы», 7M02305 – «Қазақ филологиясы» БББ білім алушыларымен пәндердің оқытылу деңгейі, қажетті оқу-зерттеу әдебиеттерімен қамтамасыз етілуі, оқу үдерісі мен ғылыми ізденіс жұмыстары қадағаланып, анкеталық сауалдар жүргізіліп отырады. Академиялық сыртқы ұтқырлыққа байланысты екі жақты келісімдер жасалған. БББ оқу жоспары мен академиялық күнтізбеге сәйкес ғылыми зерттеулерді қолдау бағдарламасы бойынша білім алушылар Түркия,

Германия мемлекеттерінде академиялық ұтқырлықтан өткен. БББ білім алушыларына негізгі бағдарламадан тыс өздігінен білім алуына да мүмкіндік бар. Бұл ретте университет ғылыми кітапханасының ғылыми-зерттеу ақпараттық қорын (<https://library.enu>) пайдалана алады. ЖОО-да «Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ түлектерінің ассоциациясы» қоғамдық бірлестігі (2008) жұмыс істейді. Бітірушілердің еңбек нарығында қажет етілуі және сертификаттау дәрежесі университет түлектерінің кәсіби білімнің тиімділігінде және еңбек нарығында талап етілуінде көрініс тапқан.

ББ тиімділігін, маңыздылығы мен мазмұндылығын дәлелдеу үшін түлектер қауымдастығының/бірлестігінің жұмысын жоспарлы түрде жандандыру ұсынылады. Бұндай қауымдастықтың жұмысы келешек білім алушыларға үлгі боларлық түрде жүргізілуі тиіс.

БББ басшылығының қызметі стандарт өлшемдеріне сәйкес келеді деген қорытынды жасауға толық негіз бар.

«6B02305 Қазақ филологиясы, 7M02305 Қазақ филологиясы» ББ күшті жақтары:

1) Білім алушылар контингентін қалыптастыру саясаты ЖОО-да оқуға неғұрлым дайындалған, білім беру бағдарламасын саналы түрде таңдаған, мемлекеттік тапсырыс (грант) негізінде кешенді тестілеу нәтижелері бойынша қажетті балл санын жинаған және ақылы негізде білім алушылар қабылданған. Контингентті қалыптастыру саясаты «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КЕАҚ-да Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау ережесі» негізінде жүзеге асырылған.

Білім алушылар контингентін қалыптастыру жөніндегі негізгі нормативтік құқықтық актілер университеттің ресми сайтында «Талапкерлерге» бөлімінде орналасқан. Сондай-ақ білім алушылар ЕҰУ білім алушысының анықтамалық-жолдамасында Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ құрылымы мен қызметі туралы ақпараттың толық спектрін алуға мүмкіндігі бар.

Оқуға қабылдау ЖОО талаптарына сәйкес жүргізілген. БББ бойынша талапкерлердің саны жылдан-жылға артып келеді. ЕҰУ түлектерінің магистратура бағдарламасын ЕҰУ-да жалғастыруды таңдауы белгілі бір дәрежеде БББ басшылығының түлек дайындаудағы сапасынан хабар береді, кадр дайындау ісінде нәтижелілігін көрсетеді. Бекітілген жоспарға сәйкес қала мектептерінде, облыс орталықтарында кәсіптік үгіт-насихат жұмыстары жүргізілген.

Университетте аймақтық деңгейде жыл сайын қаңтар айында қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша 11-сынып оқушылары арасында олимпиада өткізілген. «Ашық есік күні» күні өткізіліп, Астана қаласының орта мектептерінен 11-сынып оқушылары қатысқан.

2) ЖОО білім алушыларды практика орындарымен қамтамасыз етуі, бітірушілерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесуі, олармен байланысты қолдау рәсімін көрсетуі жоғары дәрежеде.

Практика базаларына барғанда бұған көзіміз жетті. Практика базалары ретінде бірнеше мемлекеттік және меншік негізіндегі бірнеше мекемелермен келісімшарттар жасалған:

- А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
- М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
- Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ғылыми-практикалық орталығы,
- ҚР ҒБЖМ «Тіл саясаты» комитеті,
- «Қазақ газеттері» ЖШС («Егемен Қазақстан» республикалық газеті, «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті» т.б. республикалық газеттері),
- ҚР Жазушылар одағының Астаналық филиалы
- Астана қаласы әкімдігінің «Руханият» орталығы.

3) БББ басшылығы түлектердің жұмысқа орналасуы мен кәсіби қызметіне мониторинг жүргізіп отырады. Университет түлектердің жұмысқа орналасуына да ерекше мән береді. ЕҰУ-да «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдесуді ұйымдастыру рәсімі» бар.

Жоғарыда көрсетілген мекемелердің барлығында «6В02305 – Қазақ филологиясы», «7М02305 – Қазақ филологиясы» БББ түлектері практикадан өткеннен кейін сол мекемелерге ары қарай жұмыс істеуге шақырылған. Қазіргі уақытта сол мекемелерде түлектер қызмет атқаруда.

«6В02305 Қазақ филологиясы, 7М02305 Қазақ филологиясы» БББ бойынша ССК ұсыныстары:

- ББ тиімділігін, маңыздылығы мен мазмұндылығын дәлелдеу үшін түлектер қауымдастығының/бірлестігінің жұмысын жоспарлы түрде жандандыру ұсынылады (мерзімі 01.07.2024 ж.)

Критерийлер бойынша ССК қорытындысы:

«Білім алушылар» стандарты бойынша «6В02305 – Қазақ филологиясы», «7М02305 - Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламалары 12 критерий бойынша ашылды, оның ішінде 3 позициясы күшті, 9 позициясы қанағаттанарлық.

6.7. «Оқытушы-профессорлар құрамы» стандарты

Дәлелдеу бөлімі

Университетте Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дің 2021-2025 жылдарға арналған Даму стратегиясының негізгі басымдықтарына сәйкес академиялық ортаны қалыптастыру бойынша дәйекті Кадрлық саясат жүргізіледі.

ЕҰУ-да персоналды басқаруды реттейтін негізгі құжат ЕҰУ-дың 2021-2025 жылдарға арналған кадр саясаты болып табылады, ол ашық қолжетімділікте (Корпоративтік құжаттар), бұл құжат адами әлеуетті дамытуға, үздік қызметкерлерді тартуға, оларды дамытуға, әрқайсысына құрметпен қарауға, қолайлы климат құруға, ұжым қызметінің сапасы мен тиімділігін арттыруға бағытталған.

«6В02305-Қазақ филологиясы», «7М02305-Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламаларын іске асыруға мүмкіндік беретін біліктілігі жоғары ғылыми-педагогикалық әлеует қалыптасқан. Жоғары оқу орнында профессор-оқытушылар құрамының сапалық деңгейі белгіленген біліктілік талаптарына, оқу орнының стратегиясы, БББ мақсаттарына сәйкес іріктелінеді. ОПҚ-ның сапалық құрамы «6В02305 –Қазақ филологиясы», «7М02305- Қазақ филологиясы» БББ-ның бейініне толық сәйкес келеді: 10.02.02 – Қазақ тілі, 10.01.02 –Қазақ әдебиеті, 10.01.08 – Әдебиет теориясы, 10.01.06 – Фольклор, 13.00.02 – Оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі.

Кесте 1.БББ бойынша кадр құрамы

Оқу жылы	ПОҚ жалпы саны	Оның ішінде ғылым докторы		Оның ішінде ғылым кандидаты		Оның ішінде ғылым PhD докторы		Оның ішінде Аға оқытушы, оқытушы	
		Саны	%	саны	%	саны	%	Саны	%
2019-2020	38	17	44,7	15	39,5	3	7,9	3	7,9
2020-2021	37	17	45,9	15	40,6	3	8,1	2	5,4
2021-2022	37	15	40,6	16	43,2	4	10,8	2	5,4
2022-2023	35	13	37,1	16	45,7	4	11,4	2	5,7
2023-2024	31	13	41,9	14	45,2	3	9,7	1	3,2

Білім алушыларға бағдарланған оқытуға көшуге байланысты оқытушылар жеке тұлғаға бағытталған оқытудың инновациялық технологияларынан үнемі ізденісте болады.

БББ анықтауда кафедралар профессор-оқытушылар құрамының оқу және ғылыми қызметі арасындағы теңгерімі қамтамасыз етілген. Оқу және ғылыми жұмыстар өзара байланыста

өрістеуде. БББ басшылығы ПОҚ-ты білім беру процесінде әртүрлі инновациялық әдістерді әзірлеуге және қолдануға ынталандырады.

ЖОО-нда ПОҚ құрамының, оның ішінде жас оқытушылардың мансаптық өсуі мен кәсіби дамуына мүмкіндік берілген. Университетте жас оқытушылардың мансаптық өсуіне ерекше мән беріледі. Мәселен, Ардақ Бейсенбай Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің түлегі (2005) 2019 жылдан бүгінгі күнге дейін Филология факультетінің деканы қызметін атқарады. Ардақ Бейсенбай – университеттегі ең жас декандардың бірі. ПОҚ қабылдау комиссиясы жұмысының нәтижелері бойынша 2019-2020 оқу жылы PhD доктор Жанбота Карипбаев Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институтына ғылыми қызметкер болып қабылданды. Бұл жоғары оқу орнында ПОҚ, оның ішінде жас оқытушылардың мансаптық өсуі мен кәсіби дамуына мүмкіндік беріліп отырғанын көрсетеді. ПОҚ құрамында «Болашақ» халықаралық бағдарламасының әр жылдардағы түлектері табысты еңбек етеді. Олар - ф.ғ.к., доцент А.Б. Бейсенбай (Ұлыбритания, Лондон, Brunel университеті, 2013-2014), ф.ғ.к., профессор м.а. Г.Ә. Сәрсекке (Ұлыбритания, Лондон, King's College London, 2011-2013). ПОҚ құрамында алыс шет елдерде кәсіби дамуын арттыру мақсатында Қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, ф.ғ.к. Г.Ә. Сәрсекке АҚШ-тың Мэриленд университетінде қазақ және ағылшын тілдерінің корпусын жасау ісіне қатысып, Америка ғалымдарымен бірлескен ғылыми-зерттеу жобасында тіл маманы болып 6 ай (21.01.2020-12.08.2020) жұмыс жасап келген.

ЖОО қызметінің басым бағыттары академиялық ұтқырлықты дамытуға бағытталған. БББ іске асыруда кафедралардағы академиялық ұтқырлық аясында сабақ өткізу және бірлескен ғылыми жобаларға тарту мақсатында танымал шетел ғалымдарын шақыру жұмыстар жүйелі түрде атқарылады.

«Шетелдік мамандарды тарту және шақыру бойынша шығындарды өтеу тәртібі жөніндегі ережесіне» сәйкес жүзеге асырылады.

Университетте әр санаттағы қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру және жеке шығармашылық қажеттіліктерін жүзеге асыру үшін тиісті қолайлы жағдайлар жасалған: оқу жылының қорытындысы бойынша қаржылық ынталандыру; университеттің кітапхана қоры мен ақпараттық ресурстарына ақысыз қолжетімділік; әкімшілік шешіміне сәйкес Университет есебінен біліктілікті жоғарылатуға мүмкіндік беру; ағылшын тілін оқытудың көп деңгейлі курстарын ұйымдастыру; компьютерде және оргтехникада, техникалық оқу құралдарында, басқа да жабдықтарда жұмыс істеу үшін жағдай жасау; Қазақстандық және халықаралық ғылыми жұмыстар конкурстарына және жеке гранттар алу конкурстарына қатысуға жәрдемдесу; қызметкерлердің әдістемелік әзірлемелерін жариялау; қалалық және республикалық комиссияларға қатысуға ұсыну; оқу және ғылыми қызмет саласындағы жетістіктері, қоғамдық қызмет және көп жылдық адал еңбектері үшін университеттің жоғары басшылығынан алғыс хаттармен және алғыс хаттармен марапаттау; тұрғын үймен қамтамасыз ету.

Жас оқытушыларды қолдау мақсатында кадрлар резервін құру жұмыстары жүргізілуде, ғылыми зерттеулер мен тағылымдамалар кезінде қаржылық қолдау көрсетіледі.

ЕҰУ профессор-оқытушылар құрамының кәсіби және жеке дамуын ынталандыру тетіктерін дамытуды үнемі назарда ұстайды. Университеттің стратегиялық және оперативтік дамуына әр қызметшінің қосатын үлесін ынталандыру және көтермелеу мақсатында ЕҰУ КРІ жүйесі жүзеге асырылады. Жүйе профессор-оқытушылар құрамы мен қызметшілердің кәсіби және тұлға ретінде дамуын ынталандыруды қалыптастыруда ұтымды екенін дәлелдеп келеді. Ол көрсеткіштер объективтілік, айқындық, қолжетімділік пен өлшемділік қағидаттарына негізделген. ОПҚ КРІ нәтижелерін есепке алу автоматталған ақпараттық жүйеде <https://kpi.enu.kz/#/home> сілтеме бойынша іске асырылады.

КРІ туралы ереже Басқарма шешімімен бекітілді (05.07.2022 ж. № 12 хаттама). 2021- 2022 оқу жылындағы КРІ оқытушылар құрамының нәтижелері туралы ақпарат ЕҰУ enu.kz сайтында 2022 жылғы 2 желтоқсандағы «Жаңалықтар» бөлімінде жарияланған: [ENU.KZ](https://enu.kz) | [Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті](#).

Асинхронды оқыту «Platonus» оқытуды басқару жүйесі арқылы іске асырылады, жаппай ашық онлайн курстар (ЖАОК) – ЕҰУ видеодәрістерінің алтын қоры кеңінен қолданылады.

Университеттің ПОҚ білім беру процесінде ақпараттық- коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді кеңінен пайдаланады. Атап айтқанда, Learning-Apps, Quizlet, Kahoot!, Prezi, Slides Carnival, Canva интернет платформаларының көмегімен білім беру контентін (ұсыным, сауалнама, тест, интерактивті тапсырмалар) әзірлейді. Веб-конференциялар ұйымдастыру үшін Zoom, Microsoft Teams, WebEx, Google meet платформаларын қолданады. Білім беру контентін сақтау, ұсыну, бақылау мақсатында MOODLE, Google Classroom жүйелерін тиімді қолданады.

БББ бойынша БӨЖ ұйымдастыруда білім алушылардың ақпараттық-технологиялық құзыреттіліктерін дамытуға баса назар аударылады. БӨЖ тапсырмалары эссе жазу, сауалнама жүргізу, өз зерттеу тақырыптарының әдістемелік бөлімі бойынша интерактивті тапсырмалар дайындау т.б. түрінде түрлендіріліп ұйымдастырылады. Критериалды бағалау жүйесіне сәйкес анықталатын оқу нәтижелері қолданылатын әдістердің тиімділігін көрсетеді.

ОПҚ тәжірибе барысында өз оқыту әдістерін дамыту бағытында үздіксіз ізденісте болады. Енгізіліп жатқан жаңашылдықтар білім алушылардың білім, білік, дағдылары сапасының оң динамикасына әсер етеді.

ЖОО қызметтің академиялық ұтқырлықты дамытуға, үздік шетелдік және отандық оқытушыларды тартуға үнемі назар аударып отырады. «6B02305-Қазақ филологиясы», «7M02305-Қазақ филологиясы» ББ іске асыруда кафедралардағы академиялық ұтқырлық аясында сабақ өткізу және бірлескен ғылыми жобаларға тарту мақсатында танымал шетел ғалымдарын шақыру жұмыстар жүйелі түрде атқарылған.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің даму стратегиясы бойынша академиялық адалдық ЕҰУ-дің институционалды құндылықтарының бірі болып саналады <https://enu.kz/kz/page/university/about-us/fundamental-documents>. Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі академиялық артықшылыққа бағытталған, ол келесі компоненттердің болуымен қамтамасыз етілген: академиялық сапа мен жоғары академиялық беделге ұмтылу; сапаны Ішкі қамтамасыз ету саласында саясаттың болуы; Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ оқытушыларының, қызметкерлерінің Академиялық адалдық саясатына сәйкес академиялық құндылықтарды ұстануы; университеттің ПОҚ мен қызметкерлерін мотивациялау және ынталандыру мақсатында КРІ жүйесінің болуы; стейкхолдерлердің білім беру және басқа да көрсетілетін қызметтермен қанағаттануына/қанағаттанбауына әсер ететін негізгі факторларды анықтауға бағытталған кері байланыс тетіктерінің болуы; барлық қызмет түрлерінің сапасын ішкі қамтамасыз етуді және университеттің сапа мәдениетін дамытуды реттейтін тиісті ішкі нормативтік құжаттаманың болуы. ЕҰУ КЕАҚ оқытушыларының, қызметкерлерінің академиялық адалдығының бекітілген саясаты. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті сайтында «Негізгі құжаттар» бөлімінде орналасқан <https://enu.kz/kz/page/university/about-us/fundamental-documents>.

Педагогикалық ұжым өз қызметінде ЕҰУ Оқытушының Ар-намыс кодексін және Оқытушы мен қызметкердің корпоративтік мәдениет кодексін басшылыққа алады.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Еуропалық кеңістікте жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі 2, 3 және 4-стандарттар мен ұсынымдарды іске асыру арқылы Академиялық адалдық қағидаттарына қолдау көрсетіледі. 3-стандартқа сәйкес ЕҰУ-да академиялық адалдық қағидаттары білім беру бағдарламаларының силлабустарында, емтихан билеттерінде, білім алушыларға арналған тапсырмаларда көрініс табады және сақталады.

БББ бойынша кадрларды даярлау республикалық деңгейде әлеуметтік-экономикалық жағдайды ескере отырып жүзеге асырылады, ал ПОҚ-тың ғылыми-зерттеу жұмыстары мәдени кодты сақтау мен арттыру және ұлттың әл-ауқаты мен рухани әлеуетін дамытудың мемлекеттік бағдарламалары аясында жүзеге асырылады.

БББ жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін ПОҚ гранттық қаржыландыру (ҚР БҒМ) шеңберінде келесі жобаларды жүзеге асырады:

ҚР БҒМ тарапынан қаржыландырылатын ғылыми жобалар

Кесте 2.

Жоба атауы	Жетекші	Орындалу мерзімі	Қаржыландыру көзі
------------	---------	------------------	-------------------

1.«Мәңгілік ел» ұлттық идеясының қазақ халқының батырлық-эпостық аңыздарындағы көркемдік сипаты	Қасқабасов С.А.	2018-2020	ҚР БҒМ
2.Қазақфольклорынтілдік-жанрлықзерттеу	Жақыпов Ж.А.	2018-2020	ҚР БҒМ
3.«Мәңгілікел»идеясыныңқазақ әдебиетіндегі тарихи-рухани негіздері	Тұрысбек Р.С.	2018-2020	ҚР БҒМ
4. «БВ02305- «Қазақ филологиясы» БББбойыншабілімберудіңғылыми концептуалдық негіздерінің«жаһандық бәсекелестік және ұлттық код» контексіндежанаруы	Саркенова Қ.Қ.	2018-2020	ҚР БҒМ
5.ХХІ ғасырдағы гуманитарлық ғылыми кеңістік: ғылымдар интеграциясы және әдебиеттану	Айтуғанова С.Ш.	2020-2022	ҚР БҒМ
6.Абай поэзиясындағы әлемдік ұлттық- мәдени архетиптер	Оразбек М.С.	2020-2022	ҚР БҒМ
7.Ахмет Байтұрсынұлы. 12 томдық толық шығармалар жинағы. Қазақ және орыстілдерінде	Жұмағұл С.Б.	2021-2023	ҚР БҒМ
8.Абайпоэзиясындағытезауруспоэтологиясы	Аймұхамбет Ж.А.	2021-2023	ҚР БҒМ
9. Қазақ тілінің тарихи сөздігі	Кенжалин Қ.К.	2020-2022	ҚР БҒМ
10.Ұлы Жібек жолының тарихи топонимиясын ғылымдар тоғысында зерделеу	Кенжалин Қ.К.	2021-2023	ҚР БҒМ
11.А.Ясауидың«Диуанихикметіндегі» тілдік-мәдени кодтар	Саркенова Қ.Қ.	2022-2024	ҚР ҒжЖБМ
12.Алаш кезеңі әдебиеті: интегративті фольклортану контексті және жаңа ғылыми парадигма	Кемеңгер Қ.Р.	2022-2024	ҚР ҒжЖБМ
13.Қазіргі қазақ прозасындағы қалалық балалар типологиясы және ұлттық ментальдік (ағылшын әдебиеті мен қазақ әдебиеті шығармаларын салыстыру)	Оразбек М.С.	2023-2025	ҚР ҒжЖБМ
14.Жоғалып бара жатқан түркі тілдерін пәнаралық тұрғыдан зерттеу:Монғолиядағы хотон этнотобы	Жақыпов Ж.А.	2023-2025	ҚР ҒжЖБМ

ПОҚ-тың облыстың және еліміздің экономикасын, білімін, ғылымы мен мәдениетін дамытуға қатысуы олардың ғылыми жобаларға (гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, сондай-ақ мемлекеттік тапсырыстар бойынша) қатысуы арқылы және халықаралық деректер қорларында (Scopus, Web of Science және т.б.) индекстелген журналдардағы зерттеу нәтижелерінің жариялануы арқылы, сондай-ақ еңбек нарығы үшін бәсекеге қабілетті ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау арқылы қамтамасыз етіледі.

Кафедралардың ПОҚ қаланың, аймақтың дамуына белсенді қатысады: рухани- адамгершілік дамудың, мәдени және білімді ортаны қалыптастырудың түрлі іс-шараларын өткізеді. БББ басшылығы жалпы ЖОО-ның, сондай-ақ әрбір қызметкердің және оқытушының қоғам алдында жеке-жеке әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын мақсатты түрде қолдайды, енгізеді және іске асыруға белсенді қатысады.

Сараптамалық бөлім

Жалпы алғанда, кафедралар қызметі стандарт өлшемдеріне сәйкес келеді деген қорытынды жасауға негіз толық бар. БББ жүзеге асыратын ПОҚ жоғары оқу орнының даму стратегиясын жүзеге асыруға маңызды үлес қосады. БББ профессор-оқытушылар құрамының мансаптық өсуіне және кәсіби даму мүмкіндігіне сай құрылған. Университет ғылыми қызмет пен білімнің интеграциясын, оқытудың инновациялық әдістерін қолдануды ынталандырып отырады. Ол КРІ жүйесін жетілдіруде көрініс тапқан.

Маңызды факторлар қатарында төмендегі мәселелерді баса көрсетемі: кафедралардың профессорлық-оқытушы құрамының біліктілігі ББ бейіні мен оқытылатын пәндерге сәйкес келеді. Университет ашық кадр саясатын жүргізуде объективтілікті ұстанады. Оқытушы-профессорлар құрамы мен персоналдың кәсіби дамуына қажетті жағдай жасалған. Профессорлық-оқытушы штаттың кәсіби құзыреттілігін қамтамасыз ету бағытындағы кәсіби өсуі мен дамуын қамтитын ББ бөлінісінде объективті және ашық кадр саясаты жүргізіледі. ЖОО білім алушыға бағытталған оқытуға көшуге байланысты оқытушы рөлінің өзгеруін назарда ұстайды. Жоғары оқу орынында профессорлық-оқытушы құрамы соның ішінде жас оқытушылардың мансаптық өсуі мен кәсіби дамуына мүмкіндік берілген. Кафедралардың ББ оқытушылардың кәсіби және тұлғалық дамуына, оның ішінде ғылыми жұмыспен айналысуы мен білім алуына, сондай-ақ оқытуда инновациялық әдістерді пайдалануына қарай көтермелеу жолға қойылған. Бұған қатысты мәселелер оқытушылармен жүргізілген сұқбат және сауалнама алу барысында да дәлелденді.

«6B02305 Қазақ филологиясы, 7M02305 Қазақ филологиясы» ББ мықты жақтары:

1) ЖОО ПОҚ сапалық құрамының белгіленген біліктілік талаптарына, ЖОО стратегиясына, БББ мақсаттарына сәйкес. Қазақ тіл білімі және қазақ әдебиеті кафедраларында ғылыми әлеует жоғары: 92-96%. БББ бойынша жұмыс істейтін оқытушылардың орташа жас мөлшері 45-58 жас аралығын қамтиды.

2) ЖОО ПОҚ-ның, оның ішінде жас оқытушылардың мансаптық өсуі мен кәсіби дамуына жан-жақты мүмкіндік береді. Жоғары оқу орынында профессор-оқытушылар құрамының, оның ішінде жас оқытушылардың мансаптық өсуі мен кәсіби дамуына мүмкіндік берілген. Университетте жас оқытушылардың мансаптық өсуіне ерекше мән беріледі. Атап айтсақ, Ардақ Бейсенбай Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің түлегі, қазақ тіл білімі кафедрасында оқытушы, аға оқытушы болып жұмыс істеді. 2013-2014 оқу жылдары «Болашақ» бағдарламасымен Ұлыбританияда Brunel университетінде оқыған. 2016 жылдан 2019 жылға дейін Қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарған. 2019 жылдан бүгінгі күнге дейін Филология факультетінің деканы қызметін атқарады. Ардақ Бейсенбай – университеттегі ең жас декандардың бірі. ПОҚ қабылдау комиссиясы жұмысының нәтижелері бойынша 2019-2020 оқу жылы PhD доктор Жанбота Карипбаев Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институтына ғылыми қызметкер болып қабылданды. Бұл жоғары оқу орнында ПОҚ, оның ішінде жас оқытушылардың мансаптық өсуі мен кәсіби дамуына мүмкіндік беріліп отырғанын көрсетеді.

3) ЖОО БББ талаптарына сәйкес келетін кәсіби құзіреттіліктері бар тиісті салалардың кадрларын оқытуға тартуы тиіс. ПОҚ құрамында «Болашақ» халықаралық бағдарламасының әр жылдардағы түлектері табысты еңбек етеді. Олар - ф.ғ.к., доцент А.Б. Бейсенбай (Ұлыбритания, Лондон, Brunel университеті, 2013-2014), ф.ғ.к., профессор м.а. Г.Ә. Сәрсекке (Ұлыбритания, Лондон, King's College London, 2011-2013).

ПОҚ құрамында алыс шет елдерде кәсіби дамуын арттыру мақсатында Қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, ф.ғ.к. Г.Ә. Сәрсекке АҚШ-тың Мэриленд университетінде қазақ және ағылшын тілдерінің корпусын жасау ісіне қатысып, Америка ғалымдарымен бірлескен ғылыми-зерттеу жобасында тіл маманы болып 6 ай (21.01.2020-12.08.2020) жұмыс жасап келген.

4) ЖОО қызметтің академиялық ұтқырлықты дамытуға, үздік шетелдік және отандық оқытушыларды шақырады. ЖОО қызметінің басым бағыттары академиялық ұтқырлықты дамытуға бағытталған. БББ іске асыруда кафедралардағы академиялық ұтқырлық аясында сабақ өткізу және бірлескен ғылыми жобаларға тарту мақсатында танымал шетел ғалымдарын шақыру жұмыстар жүйелі түрде атқарылып келеді.

5) ЖОО әрбір оқытушының ЖОО-дағы сапа мәдениеті мен академиялық адалдықты ілгерілетуге тартылған. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің даму стратегиясы бойынша академиялық адалдық ЕҰУ-дің институционалды құндылықтарының бірі болып саналады. Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі академиялық артықшылыққа бағытталған, ол келесі компоненттердің болуымен қамтамасыз етілген: академиялық сапа мен жоғары академиялық беделге ұмтылу; сапаны Ішкі қамтамасыз ету саласында саясаттың болуы; Л.Н. Гумилев атындағы

ЕҰУ оқытушыларының, қызметкерлерінің Академиялық адалдық саясатына сәйкес академиялық құндылықтарды ұстануы; университеттің ПОҚ және қызметкерлерін мотивациялау және ынталандыру мақсатында КРІ жүйесінің болуы; стейкхолдерлердің білім беру және басқа да көрсетілетін қызметтермен қанағаттануына/қанағаттанбауына әсер ететін негізгі факторларды анықтауға бағытталған кері байланыс тетіктерінің болуы; барлық қызмет түрлерінің сапасын ішкі қамтамасыз етуді және университеттің сапа мәдениетін дамытуды реттейтін тиісті ішкі нормативтік құжаттаманың болуы.

б) ПОҚ-ның аймақ пен елдің экономикасын, білімін, ғылымы мен мәдениетін дамытуға тартылуы маңызды фактор болып табылады. БББ жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін ОПҚ гранттық қаржыландыру (ҚР БҒМ) шеңберінде келесі 14 жобаны жүзеге асырады: ҚР БҒМ тарапынан қаржыландырылатын ғылыми жобалар. Бұл - үлкен көрсеткіш.

ПОҚ-тың облыстың және елдің экономикасын, білімін, ғылымы мен мәдениетін дамытуға қатысуы олардың ғылыми жобаларға (гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, сондай-ақ мемлекеттік тапсырыстар бойынша) қатысуы арқылы және халықаралық деректер қорларында (Scopus, Web of Science және т.б.) индекстелген журналдардағы зерттеу нәтижелерінің жариялануы арқылы, сондай-ақ еңбек нарығы үшін бәсекеге қабілетті ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау арқылы қамтамасыз етіледі.

БББ білім берушілер қаланың, аймақтың дамуына белсенді қатысады: рухани- адамгершілік дамудың, мәдени және білімді ортаны қалыптастырудың түрлі іс-шараларын өткізеді. БББ басшылығы жалпы ЖОО-ның, сондай-ақ әрбір қызметкердің және оқытушының қоғам алдында жеке-жеке әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын мақсатты түрде қолдайды, енгізеді және іске асыруға белсенді қатысады.

«6В02305 Қазақ филологиясы, 7М02305 Қазақ филологиясы» БББ бойынша ССК ұсыныстары:

- бұл стандарт бойынша ұсыныстар жоқ

Критерийлер бойынша ССК қорытындысы:

«Профессор-оқытушылар құрамы» (ПОҚ) стандарты бойынша "6В02305 – Қазақ филологиясы", "7М02305 - Қазақ филологиясы" білім беру бағдарламаларының 6 позициясы күшті, 4 позициясы қанағаттанарлық.

6.8. «Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйелері» стандарты

Дәлелдеу бөлімі

Білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде материалдық-техникалық базаның және ақпараттық ресурстардың болуы мамандарды кәсіби даярлаудың негізгі факторларының бірі болып табылады. Мамандықтың ББ қажетті материалдық-техникалық ресурстармен және инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген. Мамандықтың материалды-техникалық базасын жаңалау мен жетілдіру бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілген.

ЖОО инфрақұрылымы заманауи талаптарға сәйкес келеді. Еуразия ұлттық университеті білім алушыларды жүйелі қолдаудағы табысты да нәтижелі әрекетінде заманауи материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етілген. Жоғары оқу орынының білім беру ресурстары оның миссиясына және Білім беру бағдарламасының мақсатына сәйкес келеді. Университеттің алдына қойылған стратегиялық даму мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін қажетті барлық оқу-материалдық активтері жеткілікті. ЕҰУ ғимараттары мен құрылымдарының қауіпсіздікпен қамтылуы қолданыстағы өртке қарсы қауіпсіздік ережелері, санитарлық нормативтер талаптарына сәйкес келеді. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ жеке меншік құқығындағы алаңдар – дәрісханалық және зертханалық базалар, оқу кабинеттері, шеберханалар мен басқа ғимараттар, спорт құрылымдары белгіленген нормалар мен ережелерге сәйкес келеді. Университет аймағында медициналық орталық жұмыс жасауда. БББ дамыту мақсатында жыл сайын заманауи технологиялар, оның ішінде әр

факультет базасында бейнені жоғары сапалы тасымалдайтын бейнеконференц байланыс жүйесі сатып алынған.

Кесте 3. Аудиториялардағы бейнеконференция байланыс жүйесі

Корпус	Аудитория	Аудиториятипі	Кафедра	Интерактивтітақта	Экран	Проектор
ОЗҒ-5	203	Дәріс	Қазақ тіл білімі	TRACEboard	Экран	Epson EB-S12
ОЗҒ-5	321	Дәріс	Қазақ әдебиеті	TRACEboard	Экран	Epson EB-x03

БББ басшылығы тарапынан ББ мақсатына қол жеткізуде қазіргі заманғы жабдықтармен қамтамасыз етілген. Бағдарлама бойынша оқыту үдерісін ұйымдастыру үшін қолданылатын ресурстар жеткілікті. «6В02305-Қазақ филологиясы», «7М02305-Қазақ филологиясы» БББ-ның білім алушылары Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дің Қажымұқан, 11 мекенжайы бойынша орналасқан оқу-зертханалық ғимаратта оқиды. Оқу үдерісінде атаулы 5 кабинет қолданылады: Абай дәрісханасы (321-ауд.), Ә.Шәріпов дәрісханасы (323-ауд.), А.Байтұрсынұлы аудиториясы (220-ауд.), М.С.Серғалиев дәрісханасы (203-ауд.), Р.Нұрғали аудиториясы (218-ауд.). Бұл кабинеттердің әрқайсысы заманауи мультимедиялық құрылғылармен (интерактивті тақта, проектор), оқу, ғылыми және ақпараттық әдебиетпен, сонымен қатар заманауи жиһаздармен (жұмыс үстелі, стеллаждары бар бірнеше шкафтар, кеңселік кресло, жұмсақ орындықтар және т.б.) қамтамасыз етілген. Атаулы дәрісханаларда дәріс, семинар сабақтарымен қатар мәдени және рухани жиындар, ғылыми жұмыстар, белгілі қоғам қайраткерлерімен, ақын-жазушылармен кездесулер, шетелден шақырылған профессорлардың дәрістері, конференциялар өткізіледі. Жалпы алғанда, атаулы кабинеттердің ұйымдастырылуы мен рәсімделуі ҚР МЖМБС 5.03.014-2006 «Жоғары оқу орындарының оқу және ғылыми зертханалары» талаптарына сәйкес келеді. СЭС және өрт қызметінің қорытындылары бар. Абонемент, интернет желісіне жалғанған жаңа үлгідегі компьютерлері бар электронды қор залы жұмыс істейді.

«6В02305-Қазақ филологиясы», «7М02305-Қазақ филологиясы» ББ қолданылатын ОЗҒ оқу алаңы қолданыстағы санитарлық нормативтерге және өртке қарсы қауіпсіздік талаптарына сәйкес келеді. Оқыту үдерісін ұйымдастыру үшін қолданылатын ресурстар жеткілікті және талаптарға сай.

Кафедраларда жыл сайын компьютер, принтер, ксерокс, көпфункционалды құрылымдар, сканер, ноутбуктер; оқу дәрісханаларын техникалық құралдармен қамтамасыз етілуі (проектор, интерактивті және мультимедиялық тақталармен, проекторларға арналған экрандармен) сипатындағы материалдық-техникалық базаның жаңартылуы іске асырылған.

Университетте 45 компьютерлік сынып және 4 ғылыми компьютерлік зертхана бар, олар 1800 компьютерлік техникамен жабдықталған. ЕҰУ-да талшықты-оптикалық желі арқылы Интернет желісіне кең жолақты байланыс бар. Білім алушылар мен ПОҚ-ты технологиялық және консультациялық қолдауды университет жүйелі түрде жүзеге асырады. Білім алушылар қабылданғаннан кейін танысу апталығы аясында білім алушылар және ПОҚ Platonus жүйелерінде, Еуразиялық онлайн курстар платформасында жұмыс істеу, ғимаратқа кіруге электронды рұқсат алу, Microsoft Teams бойынша кездесулер ұйымдастыру, корпоративтік поштаны қолдану (<https://outlook.office.com>), SmartENU мобильді қосымшасы өткізіледі.

Білім алушылар, ПОҚ Цифрлық даму және қашықтан оқыту департаментіне телефон арқылы тұрақты түрде хабарласа алады (+7 (7172) 709500, ішкі: 31-358), сондай-ақ Microsoft Teams арнасында тұрақты негізде кеңестер ала алады, Telegram арнасы білім алушылар мен ПОҚ-та туындаған техникалық мәселелерді шешу үшін жыл бойы жұмыс істейді, электрондық поштаға, Платонус, is_support@enu.kz арқылы Microsoft Teams-ке кіру мәселелерін шешу, Еуразиялық онлайн курстар платформасына қол жеткізу мәселелерін шешу, sektoronline@enu.kz поштасы арқылы жауаптарды, тестерді жіберуде техникалық проблемаларды шешу үшін электрондық пошта жыл бойы жұмыс істейді.

Білім алушы ЭЦҚ арқылы оқуға түсушілердің өзін-өзі тіркеу негізінде бұйрықпен қабылданады. Білім алушының карточкасы ол туралы мәліметтен тұрады: жеке мәліметтер, құжаттар, БББ туралы ақпарат, байланыс ақпараты, білімі, жеке жетістіктері туралы ақпарат, білім

алушының қозғалысы бойынша бұйрықтар, кәсіптік іс-тәжірибеден өтуі, сондай-ақ ЖОО ішкі құжаттары білім алушыларға қолжетімді.

Білім алушылар «Жеке оқу жоспары» модулі арқылы оқитын пәндер бойынша өтініш береді және өздерінің ЖОЖ басып шығара алады. Жүйеде пәндер кестесін, академиялық күнтізбені, транскриптіні, журналды, оқу-әдістемелік кешенді қарау мүмкіндігі бар. ЖОО порталында білім алушы мен оқытушының кері байланысы «Тапсырмалар» модулі арқылы жүзеге асырылады, оған файлды (тапсырмалар, жауаптар) тікелей порталға тіркеуге болады. Сондай-ақ компьютерлік тестілеуден өту мүмкіндігі бар. Білім алушылар бітіру жұмысының тақырыптарын таңдай алады, оларды плагиатқа тексеру үшін жүктей алады. Сондай-ақ

«Білім алушыларға қызмет көрсету орталығы» модулінде барлық қызметтерге, анықтамалардың барлық түріне онлайн өтінім беру процесі автоматтандырылды. Анықтамалардың түріне байланысты автоанықтама қарастырылған.

«Platonus» жүйесінде оқытушыларға сабақ кестесін қарауға, білім алушыларға арналған пәндердің оқу-әдістемелік кешенін құруға, сабақ түрлері бойынша баға қоюға, тапсырмалар мен тестілеуді тағайындауға мүмкіндік беріледі. Қашықтан оқыту кезінде онлайн сабақтарға сілтеме қосуға болады. Білім алушыларға тапсырмалар беріп, жауаптарын тексеріп, бағалау. Ғылыми-зерттеу жұмыстары, жарияланымдары, өнертапқыштық қызметі туралы мәліметтерді қосуға болады. Енгізілген ақпарат негізінде факультеттер мен университет деңгейінде есеп шығаруға болады.

Білім алушылар мен оқытушылар «Хабарландыру» модулінде хабарландыру алады. Қажет болған жағдайда «Platonus» жүйесінде сауалнамадан өтеді. 2020-2021 оқу жылынан бастап университет емтихандарды онлайн форматта өткізу кезінде Examus прокторинг жүйесін пайдаланады. Examus прокторинг жүйесі «Platonus» жүйесімен біріктірілген, прокторинг жүйесінде барлық қажетті функциялар бар. Академиялық адалдық саясатын сақтау аясында прокторингпен өткен сессияның қорытындысы бойынша комиссия отырыстары өткізіледі, онда прокторингті қолдану арқылы өткен сессия бойынша есептер тыңдалады және тиісті шешімдер қабылданады.

ЖОО ғылыми кітапханалары университет қалашығындағы екі ғимаратта орналасқан. Негізгі ғимарат үш қабатты жеке ғимаратты (Пушкина к-сі, 11) алып жатыр, онда кітапхана қызметін көрсетуге барлық жағдай жасалған. Кітапхананың ұйымдық құрылымында университеттің ақпараттық-кітапхана қызметінің барлық процестерін қамтамасыз ететін сегіз бөлім бар.

Ғылыми кітапхана университеттің негізгі бөлімшелерінің бірі болып табылады. Оның қызметі білім алушыларға оқу және ғылыми-зерттеу процесін тиімді және сапалы ақпараттық қамтамасыз етуге бағытталған.

Кітапхана құрылымында 2 абонемент (оқу және ғылыми әдебиеттер), пайдаланушыларға арналған 800 орындығы бар 12 салалық оқу залдары және өздік жұмыстарға арналған орындар бар, онда кітапхана қызметін көрсету үшін барлық жағдайлар жасалған. Кітапханада Wi-Fi бар, студенттер мен ПОҚ үшін Интернетке және абонементтік базаға қолжетімді электронды кабинеттер, өздік жұмыс үшін жеткілікті компьютерлер саны бар.

Ғылыми кітапхананың Web-сайт (<https://library.enu>) және оның әлеуметтік желідегі беттері https://www.instagram.com/library_enu кітапхана ресурстары мен қызметтерін және кері байланыс арналарын қозғалтудың маңызды құралдары болып табылады. Сайт ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарға бейімделген. Негізгі бетте «Бірыңғай іздеу терезесі» <https://eds.s.ebscohost.com/> және «Виртуалды анықтамалық қызмет» <https://api.whatsapp.com/> бар. Пайдаланушылар кітапхананың құрылымдық бөлімшелерінің қызметімен, электронды каталогпен және қолжетімді қашықтағы отандық және халықаралық оқу және ғылыми деректер базаларымен танысу мүмкіндігіне ие. Оқытушылар үшін үшін бөлімде баспалардың прејскуранттары және әдебиеттерді сатып алуға өтінім формасы, жабдықтау картасы берілген.

Ғылыми кітапхана қоры АИБС «MegaPro» <https://library.enu.kz/MegaPro/Web> көрініс тапқан және пайдаланушыларға ақпаратқа қол жеткізу, іздеу, қарау, қажетті әдебиеттерге тапсырыс беру, сондай-ақ әртүрлі аналитикалық және статистикалық ақпаратты табуға мүмкіндік береді. Электрондық каталог кітапхананың анықтамалық-библиографиялық аппаратының бөлігі және құжаттардың библиографиялық жазбаларының жинағы болып табылады.

Электрондық каталогтың көлемі – 192 534 библиографиялық жазба, онда кітапхана қорындағы баспа құжаттар, физикалық тасығыштағы электрондық құжаттарды (CD, DVD) бар, сондай-ақ желілік және орнатылған құжаттар оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, монографиялардың цифрланған толық мәтіндеріне қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Толық мәтіндерді орналастыру және пайдалану кезінде барлық авторлық құқықтар сақталады, оларды тек оқу режимінде, алдын ала жеке рұқсат бергеннен кейін пайдалануға болады. Электронды каталогты құру сапасына ерекше көңіл бөлінеді. Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар бөлімінің қорында белгілі қазақстандық ғалымдардың жеке жинақтарының электронды каталогына қолжетімділікті қамтамасыз етеді және зерттеуші ғалымдардың ақпараттық сұранысын барынша қанағаттандырады. Ғылыми кітапханада «ЕҰУ ПОҚ еңбектері» мәліметтер базасы бар (33 975 библиографиялық жазбалар бірлігі) <https://library.enu.kz/MegaPro/Web/SearchResult> және «Медиатека» www.emedia.enu.kz білім беру пәндері бойынша қазақ, орыс және шет тілдеріндегі 2000 электронды тасығыштарға қолжетімді (CD/DVD).

Ғылыми кітапхана оқу, ғылыми-зерттеу, мәдени-тәрбие қызметін жүзеге асыруда университеттің ақпараттық серіктесі болып табылады. Есепті кезеңдегі жағдай бойынша кітапханада жалпы білім беру, білім беру бағдарламаларының базалық және бейіндік пәндері бойынша оқу, оқу, әдістемелік және ғылыми әдебиеттердің заманауи баспа және электронды қоры бар.

2023 жылы кітапхананың кітап қоры 1 498 282 дананы құрады, оның ішінде қазақ тілінде – 547 817 дана (жалпы қордың 37 %). Оның ішінде: оқу және оқу-әдістемелік әдебиет – 925 164 дана (жалпы қордың 61,4 %), оның ішінде қазақ тілінде – 368 346 дана; ғылыми әдебиет – 573 118 дана (26 %), оның ішінде – 179 471 дана; мерзімді басылымдар қоры 10107 дана; электронды тасымалдағыштар (CD, DVD) – 30 924 бірлік, оның ішінде қазақ тілінде – 9 844 дана, кітапхана қорының толық мәтінді басылымдары – 62 424 бірлік.

2023-2024 оқу жылында кітапхана 22 абонементтік отандық және шетелдік деректер базасына қолжетімділікті қамтамасыз етеді (Отандық ресурстардан: «Эпиграф» деректер базасы <https://elib.kz/ru/accounts/login/?next=/ru/search/>, <https://mbook.kz/ru/index/>; ЭБС «Elsantar.kz» деректер базасы; «Aknurpress» <https://aknurpress.kz/login> цифрлық кітапхана; «Smart Kitap» электронды оқулықтар <https://web.smart-kitap.kz>; Шетелдік ресурстар: «Студент кеңесшісі» электронды-кітапханалық жүйе <https://www.studentlibrary.ru>; «Лань» <https://e.lanbook.com> электронды-кітапханалық жүйе; «Университ онлайн кітапханасы» электронды-кітапханалық жүйе <https://biblioclub.ru>; «IPRsmart» <http://www.iprbookshop.ru> электронды-кітапханалық жүйе; «Znanium.com» <https://znanium.com> электронды-кітапханалық жүйе; «East View» МБ <https://dlib.eastview.com>; «Grebennikon» ЭБ <https://grebennikon.ru>; «IEEE Xplore» <https://ieeexplore.ieee.org> – цифрлық кітапхана; «Polpred» МБ <https://www.polpred.com>; «Academic Search Complete» <https://search.ebscohost.com>; «eBook AcademicCollection», <https://search.ebscohost.com>; «OxfordJournals» <https://academic.oup.com/journals>; «Oxfordscholar shiponline» <https://oxford.universitypressscholarship.com>; «Oxford Handbooks» МБ; «Springer» <https://link.springer.com>; «eLibrary USA» <https://elibraryusa.state.gov> «JStore», «ProQuest Dissertations & Theses Global», «Gale Academic One File»; «Scopus» <https://www.scopus.com>; «ScienceDirect» <https://www.sciencedirect.com>; «Web of Science» (WOS) <http://login.webofknowledge.com>).

Контенттің жалпы көлемі (EBS және DB) 467 658 электрондық басылымды құрайды, оның ішінде: оқу және оқу-әдістемелік – 117 869 бірлік; ғылыми – 312 493 бірлік; ғылыми журналдар – 14230 бірлік.

Жалпы білім беретін пәндер циклі бойынша саны 326 400 дананы құрайды: оның ішінде: оқу және оқу-әдістемелік – 215 180 дана; ғылыми – 111 220 дана. Базалық пәндер циклі бойынша саны 713 037 дананы құрайды: оның ішінде: оқу және оқу-әдістемелік – 421 025 дана; ғылыми – 292 012 дана.

БББ аясында ПОҚ-тың өзіндік зерттеулері бар. Мысалы, Республикада алғаш рет «Қазақ лингвофольклористикасы» (проф.Ж.А.Жакупов), бойынша Бейіндік пәндер циклі бойынша саны 298845 дананы құрайды: оның ішінде: оқу және оқу-әдістемелік – 159 385 дана; ғылыми – 139 460 дана.

Университеттің оқу үдерісіне енгізіліп жатқан жаңа оқу пәндерін ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында кітапхана қорын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Ғылыми кітапхана кітапхана қорының жаңа көздерін (кітаптар мен электронды басылымдар) алуда факультеттердің кафедраларымен бірлесіп жүзеге асырады. Жаңадан келген кітаптарды насихаттау мақсатында Ақпарат күндері, Кафедра, Факультет күндері өткізіледі, көрмелер, электронды хабарламалар, жаңа кітаптардың виртуалды көрмелері ұйымдастырылып, ЕҰУ-дың оқу ғимараттарындағы ақпараттық мониторларға орналастырылған.

Кітапхана – электронды ресурстарға қолжетімділікті ұйымдастыруды қазіргі оқу үдерісін ақпараттық қамтамасыз етудің негізгі құрамдас бөліктерінің бір. Университет дерекқорларының жазылу жинақтары (<https://lib.enu.kz/ru/podpisnye-bazy-dannyh>) көпсалалы болып табылады, ПОҚ пен студенттердің, магистранттардың тұлғалық, білім беру және ғылыми қызметін дамытуға көмектесетін өзекті және ғылыми сенімді ақпаратты қамтиды. Жалпы білім беретін, негізгі және негізгі пәндер бойынша лицензияланған оқу және ғылыми электрондық басылымдармен қамтамасыз ету 100% құрайды.

ЖОО БББ меңгеру үшін пайдаланылатын оқу жабдығы мен бағдарламалық құралдарды тиісті оқу бағдарламаларында қолданатындарға ұқсас болуын назарда ұстап отырады. Университеттің БББ қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын оқу жабдықтары мен бағдарламалық қамтамасыз етуі бойынша маркетингтік зерттеулер жүргізіліп отырады. Оқу кабинеттері жабдықталған бағдарламалық құралдар лицензияланған.

Университетте қолдау қызметтері мыналар: білім алушыларды, ПОҚ және қызметкерлерді психологиялық қолдау қызметі (01.12.2022 ж. №1455-ТК бұйрығы); инклюзивті қолдау орталығы (08.02.2023ж.№2хаттама), Әлеуметтік жобалар бөлімі (06.10.2021 ж. Әлеуметтік жобалар бөлімі туралы ереже); студенттік бастамалар бөлімі (08.10.2021 ж. Студенттік бастамалар бөлімі туралы ереже), "Өнер Орталығы" орталығы (25.10.2021ж."Өнер Орталығы" туралы ереже); Студенттік үйлер дирекциясы ("Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" КЕАҚ студенттік үйлер дирекциясы туралы ереже, 23.12.2021 ж. №8 хаттама); "AstanaClinic" ЖШС, (09.09.2022 ж. №9 шарт).

Еуразия ұлттық университеті студенттерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы (24.12.2017 ж. №2 филиал туралы ереже, 4 т.) ЕҰУ КЕАҚ 2016 жылдан бастап «Антиплагиат. ЖОО» (автономды нұсқасы үшін шектеусіз лицензиясы бар) автоматтандырылған ақпараттық жүйесін қолданады.

Ғылыми кеңестің ұсынысын алу /ашық баспасөзде жариялау/ үшін ПОҚ-тың ғылыми-әдістемелік жұмыстары Плагиатқа қарсы жүйемен міндетті түрде тексеріледі, сондай-ақ ғылыми-техникалық, оқу-әдістемелік кеңес сараптамасынан өтеді.

Диплом жұмысын жазу, сонымен қатар кафедраның отырысында алдын ала талқылау кезеңінде студенттер плагиат жүйесі арқылы тексеру процедурасынан өте алады. Бизнес-процестердің өзара әрекеттесуі білім алушының, ғылыми жетекшінің және/немесе кеңесшінің, нормативтік бақылаудың, кафедра меңгерушісінің жеке кабинеті арқылы дербес жүзеге асырылады. «Антиплагиат. ЖОО» 24 сағат автоматты режимде жұмыс істейді (мекен-жайы: antiplagiat.enu.kz).

Кітапхана ресурстары, оның ішінде жалпы білім беретін, базалық және бейіндік пәндер бойынша оқу, әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорына, мерзімді басылымдарға, ғылыми деректер базасына қол жетімді. Қазіргі таңда білім алушылар үшін білім беру интернет-ресурстарын қолдануға барлық жағдай жасалған. Интернет-ресурстарды қолдану қолжетімді. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ аймағында тегін WI-FI жұмыс жасайды. Жеке логин мен пароль арқылы барлық білім алушылар, ПОҚ мен қызметшілердің оқуматериалдарына, қазіргі техникалық құралдарымен қамтылған ғимараттар мен дәрісханаларға қолжетімділігі қамтылған (мысалы, 101А, 110, 223 дәрісханалар). Өзара кері байланысты іске асыру үшін ЖОО ЕҰУ веб-сайтының ресурстары қолданылады. ПОҚ жұмысын PLATONUS жүйесінде орналасқан жасырын сауалнама жүргізу арқылы бағалау жүйесі қарастырылған.

Ғылыми кітапхана веб-сайты <https://library.enu> және оның әлеуметтік желідегі <https://www.facebook.com/enu.library1>; https://www.instagram.com/library_enu; <https://www.youtube.com/channel/UC3B-d8TTe0uh2NjHJQeDagw/videos>; <https://vk.com/library.enu1> сипатындағы парақшалары кітапхана қызметінің тиімділігін көрсетеді. Басты бетте қызмет көрсету «Бірыңғай іздеу терезесі»

және «Виртуалды анықтамалық қызмет» (WhatsApp +7 778 419 0220) 24/7 форматында ұсынылған.

ББ басшылығы білім алушының жеке білім беру траекториясы бойынша ілгерлеу үшін жағдай жасалған.

"Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2022-2026 жылдарға арналған жалпы табысы 117 261 348,93 мың теңгені құрайды. Республикалық бюджеттен ғылымды қаржыландырудың жалпы өсуіне байланысты университеттің ғылыми зерттеулерін қаржыландыру көлемі соңғы үш жылда екі есеге жуық өскен. 2020-2022 жылдары ғылымды қаржыландыру көлемі 5,2 млрд теңгені құрайды. Ғылымнан түсетін табыстың үлесі жыл сайын ЕҰУ-дың жалпы табысының орта есеппен 10-11% құрайды. 2020 жылдан бастап академиялық жүктемесі төмендеген және еңбекақысы көтерілген "оқытушы-зерттеуші" санаты енгізілген. Ғылым секторы тұрақты негізде Web of Science және Scopus халықаралық базаларында университет ПОҚ жарияланымдарына мониторинг жүргізеді.

Жыл сайын университет білім алушылары Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық ғылымдар бойынша білім алушылардың республикалық ғылыми-зерттеу жұмыстары конкурсына (ҒЗЖ) қатысады.

ЕҰУ-да "ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 06 мамырдағы № 305 Қаулысы" негізінде инфрақұрылым қауіпсіздігінің талабы қамтамасыз етіледі. Осы мақсатта негізгі (бейнебақылау жүйелерімен, хабарландырудың дыбыстық жүйелерімен, "Дабыл түймелерімен" жарақтандыру) және қосымша (қолжетімділікті бақылау және басқару жүйесімен жарақтандыру (турникеттер), күзет дабылы жүйесімен жарақтандыру) шаралар қабылданады.

Сараптамалық бөлім

Жалпы алғанда, кафедралар қызметі стандарт өлшемдеріне сәйкес келеді деген қорытынды жасауға толық негіз бар.

ЖОО инфрақұрылымы заманауи талаптарға сәйкес келеді. ББ басшылығы қазіргі заманғы жабдықтармен жарақтандырылған. ББ мақсатына қол жеткізуді қамтамасыз ететін қазіргі заманғы жабдықтармен қамтамасыз еткен. ЖОО ақпараттық ресурстардың ЖОО-ның іске асыратын ББ қажеттіліктеріне сәйкес келеді. ЖОО ББ меңгеру үшін пайдаланылатын оқу жабдығы мен бағдарламалық құралдарды тиісті оқу бағдарламаларында қолданатындарға ұқсас болуын назарда ұстап отырады. ЖОО білім алушылардың әртүрлі топтарының (ересектер, жұмыс істейтін, шетелдік білім алушының) қажеттіліктерін ескеріп отырады.

БББ басшылығы оқыту үдерісінің мақсаты мен міндеттерін іске асыру үшін қажетті заманауи жабдықтармен жабдықталған аудиториялармен жеткілікті қамтамасыз етілуі ұсынылады.

Желіге қолжетімділік оқу процесіне тартылған компьютерлердің 80% және білім беру қызметін әкімшілендіруде пайдаланылатын компьютерлердің шамамен 70% беріледі. Студенттік үйлердің барлығында әр бөлмеде интернет байланысы бар. Өзін-өзі аккредиттеу есебінде «Есептеу техникасы мен университеттің қажеттіліктерінің өсуімен қатар Интернетке қосылу жылдамдығы да артқан» делінген», дегенмен де сауалнама мен білім алушылармен кездесуде интернет жүйесінің/желісінің сапалы білім беруге, білім алуға кедергі деген мәселе көтеріледі.

Университетте 45 компьютерлік сынып және 4 ғылыми компьютерлік зертхана бар, олар 1800 компьютерлік техникамен жабдықталған. Университет оқу ғимараттарында Wi-Fi сымсыз интернет желісі бар болғанымен білім алушылардың қажеттігін толық қанағаттандыра алмайды.

Дегенмен де ПОҚ және білім алушылармен кездесуде университеттің барлық аумағында интернет жүйесінің жеткіліксіз істейтіні туралы айтылды.

Сондықтан ББ дамытуда Wi-Fi тиімді жұмыс істеуі де маңызды, ол үшін техникалық мүмкіндіктерді қамтамасыз ету керектігі анық.

«6B02305 Қазақ филологиясы, 7M02305 Қазақ филологиясы» ББ күшті жақтары:

- «6B02305 Қазақ филологиясы, 7M02305 Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша оқыту үдерісін ұйымдастыру үшін қолданылатын ресурстар жеткілікті; ББ бойынша оқу үдерісін жүзеге асыру үшін кітапханаларда оқу-әдістемелік құралдар мен монографиялар және

ғылыми әдебиеттердің қоры жеткілікті; бұлардың ішінде ПОҚ-тың өздері құрастырған оқу-әдістемелік құралдары бар.

- ЖОО ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылым мен білімнің интеграциясы, ПОҚ, қызметкерлер мен білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін жариялау үшін толық жағдай жасалған.

«6B02305 Қазақ филологиясы, 7M02305 Қазақ филологиясы» БББ бойынша ССК ұсыныстары:

- БББ басшылығы оқыту үдерісінің мақсаты мен міндеттерін іске асыру үшін қажетті заманауи жабдықтармен жабдықталған аудиториялармен жеткілікті қамтамасыз етуі ұсынылады (мерзімі 01.09.2024).

- Университеттің барлық аумағында Wi-Fi тиімді жұмыс істеуі үшін техникалық мүмкіндіктерді қамтамасыз ету керек (мерзімі 01.09.2024).

Критерийлер бойынша ССК қорытындысы:

«Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйелері» стандарты бойынша "6B02305 – Қазақ филологиясы", "7M02305 - Қазақ филологиясы" білім беру бағдарламаларының 2 позициясы күшті, 11 позициясы қанағаттанарлық.

6.9. «Қоғамды ақпараттандыру» стандарты

Дәлелдеу бөлімі

Жұртшылықты ақпараттандырудың мақсаты – сыртқы ортада университеттің оң имиджін қалыптастыру, университет қызметінің әртүрлі бағыттары туралы көпшілікті хабардар ету арқылы барлық мүдделі тараптармен ынтымақтастықты орнату және қолдау.

Университет қызметі туралы және білім беру бағдарламаларының ерекшелігі мен іске асырылу барысы туралы ақпаратқа қанағаттанушылықты бағалау жыл сайын сауалнама, кері байланыс, сондай-ақ ректордың блогы арқылы жүргізіледі.

ЖОО жұртшылықты өз қызметі, білім беру бағдарламаларын іске асырудың шарттары мен ерекшеліктері туралы хабардар етуді қамтамасыз етеді.

Білім беру үдерісін қолдау құралы және ақпаратпен алмасу арнасы университеттің веб-ресурстары болып табылады. Сайттарда орналастырылған ресми ақпарат ЖОО әрекетінің негізгі салалары: сыртқы және ішкі саласына (университеттік) байланысты. Университеттің Веб-сайты қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жұмыс жасайды. Яндекс Метрика мәліметтері бойынша, сайтқа www.enu.kz жыл сайын 1,1 млн. астам тұтынушы кіреді, ал жалпы қолданылуы 3,64 млн. құрайды. Сонымен қатар, 48,2% тұтынушылардың жасы 18-24 аралығы (абитуриенттер мен студенттер, жұмыспен қамтушылар), 10,2% – 18 жасқа дейін (мектеп оқушылары мен талапкерлер), 27,6% – 25-34 жастағылар (әлеуетті студенттер, магистрант пен докторанттар), 5,2% – 35-44 жаста (докторантураның әлеуетті студенттері, ғалымдар, ата-аналар), 8,29% – 45 тен 54 жасқа дейін (ғалымдар, ата-аналар). Сонымен, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ сайтына жоғары қызығушылық білдіретін әлеуетті талапкерлер мен бакалавриат, магистратура, докторантура білім алушылары болып табылады.

«Оқуға түсу» тарауы (<http://www.enu.kz/ru/abiturientu/>) ЕҰУ ресми сайтының тұтынушыларына ЖОО-ға түсудің жалпы шарттары туралы ақпаратты – оқуға түсу балы, қажетті құжаттар, оқуға түсу шарттары, шетел талапкерлеріне арналған ақпарат, оқудың 2020-2021 оқу жылына арналған білім бағдарламасы, пән кредиттері мен депозиттер мүмкіндіктері туралы ақпаратты ұсынады. Білім алушылар ішкі гранттарға ие болу, білім алушыларға арналған жеңілдіктер мен әлеуметтік көмек туралы қолданыстағы ережелерді таба алады.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ – Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар шетелде де танымал жоғары оқу орындарының бірі. Университет өз қызметін ашықтық, оның қызметіне барлық мүдделі тұлғалардың тартылуы мен хабардар болуы, бастамашылдық, тұрақты даму және қазіргі әлемдегі

өзгермелі жағдайларға бейімделу қағидаттары негізінде жүзеге асырады. Университеттің білім беру саясаты әлемдік еңбек нарығында бәсекеге қабілетті жаңа білім, технологиялар, тауарлар мен қызметтерді өндіру үшін қажетті білім мен дағдыларды меңгерген кадрларды даярлауға бағытталған.

Ақпараттық саясат бұқаралық ақпарат құралдарымен, мақсатты аудиториямен өзара іс-қимыл арқылы, сондай-ақ корпоративтік және онлайн-ақпарат көздері арқылы Қоғамның қызметі туралы жұртшылықты кеңінен хабардар ету арқылы іске асырылады:

1) БАҚ - ақпараттық хабарламаларды медиа-тасығыштар арқылы тарату;

2) ресми сайт - Қоғамның веб-ресурсында өзекті ақпаратты орналастыру;

3) әлеуметтік желілер - әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттар арқылы қоғам қызметін ақпараттық сүйемелдеу;

4) имидждік және корпоративтік іс-шаралар - мақсатты аудиториямен кері байланыс орнату және қоғамның білім беру қызметтерін ілгерілету үшін имидждік және корпоративтік іс-шараларға қатысу және ұйымдастыру;

5) қоғамның қағидаттары мен мақсаттары туралы түрлі ақпараттық жағдайларда жүйелі түрде мақсатты аудиторияларға ұсынылатын негізгі хабарламаларды жариялауға арналған корпоративтік басылымдар;

6) Қоғам қызметкерлері мен білім алушылары – коммуникациялардың стратегиялық арналарының бірі.

Қоғамды ЖОО қызметі туралы хабардар ету тәртібі ЖОО-ның ақпараттық саясатында айқындалған. Ол медиа тасымалдаушылар арқылы ақпараттық хабарламаларды тарату арқылы жүзеге асырылады.

Ішкі, сыртқы стейкхолдерлерді, басқа да мүдделі стейкхолдерлерді ақпараттандыру үшін ЖОО-ның веб-ресурсы, әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттар, сондай-ақ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары тізілімінің веб-сайты пайдаланылады.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ жұртшылық үшін ашықтық және қолжетімділік қағидаттарын сақтайды, университет қызметі туралы, стейкхолдерлер үшін қажетті БББ, талапкерлерді қабылдау ережелері, БББ, оқыту мерзімдері мен нысаны, ЖОО мен әрбір факультеттің артықшылықтары, талапкерлер мен студенттер үшін байланыс және басқа да пайдалы толық және шынайы ақпаратты ашық орналастырады. Оқуға түсу, оқу, ынтымақтастық, ғылыми қызмет туралы ақпарат университеттің жалпы сайтының әртүрлі бөлімшелерінде орналасқан (<https://enu.kz/>).

Білім беру бағдарламалары бойынша ЕҰУ негізгі сайтының ішкі сайты бар (<https://ff.enu.kz/subpage/kafedra-kazahskogo-yazykoznaniya>, <https://ff.enu.kz/subpage/kafedra-kazahskoj-literatury>) қызметі туралы жедел ақпарат, хабарландырулар мен жаңалықтар жүйесі, оқу процесі, ғылыми әлеует, сондай-ақ магистратураның білім беру бағдарламалары туралы ақпарат бар. Сондай-ақ сайтта аккредиттелетін БББ-ға қызмет көрсететін кафедралар туралы толық ақпарат бар.

БАҚ-та және әлеуметтік желілерде ЖОО туралы жарияланымдардың мониторингі іздеу жүйелері арқылы жүргізіледі. Веб-ресурста жарияланған ақпарат оған қойылатын талаптарды толығымен қанағаттандырады.

Кафедралар білім беру бағдарламалары туралы қоғамды ақпараттандырып отырады. Әлеуметтік желілерде және бұқаралық ақпарат құралдарында толық ақпарат беріледі.

БББ білім алушыларының білім берудегі қоғамдық шараларда белсенді, «7M02305-Қазақ филологиясы» мамандығының 2-курс магистранты Полатова Айнұрдың Talaraі атты **стартап** жобасы БАҚ-та кеңінен таныстырылып, Хабар, Қазақстан арналарында және YouTube сияқты әлеуметтік желілерде насихатталды:

Айнұр Полатова - Louis Vuitton, қазақ ойындары, несиеге бизнес және ұлттық мұра / TALKY podcast - YouTube;

Қазақстандық студенттің киіз үй пішінінде жасаған сөмкесі Louis Vuitton-ның қызығушылығын тудырған (stan.kz);

Айнұр Полатова: Мені Louis Vuitton Парижге шақырды | Turkystan.kz;

Казахстанка заинтересовала Louis Vuitton сумкой в виде юрты — Forbes Kazakhstan

Сумка в форме юрты. Louis Vuitton заинтересовала креативная идея казахстанского дизайнера | informburo.kz.

БББ-ның профессор-оқытушылар құрамының дәрістері қоғамдық ақпараттандырулар арқылы көпшілікке жеткізіліп отырады:

Бүгін, 10 қараша күні, сағат 12:00-13:00 аралығында университетіміздің Мерзімді басылымдар оқу залында (402 аудитория) «Абай әлеміне... | Instagram;

Қазақ тіл білімінің ғалымы - Сәрекенова Қарлығаш Құрманғалиқызының дәрісінен күр қалмаңыздар!!! | Instagram;

Қазақ тіл білімінің ғалымы - Сағидолла Гүлғайша апайдың дәрісінен күр қалмаңыздар!!! | Instagram.

Кафедралар ұйымдастыратын ғылыми семинарларға сыртқы ұйымдардан, жоғары оқу орындарынан профессор-оқытушылар шақыртылады, олар кафедралардың әлеуметтік парақшалары арқылы насихатталып отырады.

«БВ02305-Қазақ филологиясы», 7М02305-Қазақ филологиясы» бағдарламаларының білім алушыларының әртүрлі пәндік олимпиадаларда, ғылыми жобалар конкурстарында қол жеткізген жетістіктері, сонымен қатар қоғамдық іс-шараларға қатысуы әлеуметтік желілер арқылы қалың жұртшылыққа таныстырылып отырады: Университетіміздің "Шаңырақ" театры мен "Дала сазы" оркестрі Біріккен Араб Әмірлігінің Дубай қаласында "Dubai music and dance festival" ... | Instagram;

Ғылым жолындағы алғаш марапаттарың құтты болсын!!! | Instagram;

«Әлем чемпионы атанған тұңғыш қазақ» 4 желтоқсан күні сағат 16:00-де Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология... | Instagram;

09.12 күні Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультеті қазақ тіл білімі кафедрасына қарасты қазақ филологиясы... | Instagram.

Әрбір оқытушы мен профессор туралы қысқа мазмұнды ақпарат кафедралардың веб-сайттарында ашық қолжетімділікте орналастырылған;

[https://fph.enu.kz/kz/page/departments/department-of-kazakh-linguistics;](https://fph.enu.kz/kz/page/departments/department-of-kazakh-linguistics)

<https://fph.enu.kz/kz/page/departments/department-of-kazakh-literature-1>

Бекітілген аудиттелген қаржылық есептілік жыл сайын Қаржы министрлігінің сайтында Қаржылық есептілік депозитарийіне орналастырылады, онда мүдделі тұлғалар жария мүдделі ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметі туралы ақпарат таба алады (<http://gosreestr.kz/>), сондай-ақ университет сайтында да бар (<https://www.enu.kz/kz/page/university/management-and-structure/corporate-governance/corporate-documents>).

Халықаралық рейтингтік агенттіктердің сыртқы бағалауы бәсекеге қабілеттілік деңгейінің маңызды көрсеткіші болып табылады. 2022 жылы ЕҰУ алғаш рет QS World University Rankings нұсқасы бойынша әлемнің үздік 300 жоғары оқу орындарының қатарына кіріп, 277 орынға ие болды. Университет QS халықаралық агенттігінің бағалауына ие болды. [https://old.enu.kz/info/zhanalyktar/66653/?sphrase_id=4020143.](https://old.enu.kz/info/zhanalyktar/66653/?sphrase_id=4020143)

ЕҰУ бес жылдан астам уақыт бойы QS Top 50 Under 50 рейтингісіне кіретін Орталық Азияның жалғыз жоғары оқу орны болып табылады. QS Emerging Europe and Central Asia аймақтық рейтингінде университет 42 орында (Халықаралық рейтинг (enu.kz)).

Жоғары білім саласындағы халықаралық талдау агенттігінің QS Asia University Rankings 2023 рейтингіне сәйкес QS ЕҰУ 96-орынға ие болды, осылайша Азиядағы үздік 100 университеттің қатарына енді <https://www.topuniversities.com/university-rankings/asia-university-rankings/2023> және Орталық Азия жоғары оқу орындарының арасында 2-орын алды [https://www.topuniversities.com/university-rankings/asia-university-rankings/central-asia/2023.](https://www.topuniversities.com/university-rankings/asia-university-rankings/central-asia/2023)

ЖОО-ның сыртқы бағалау нәтижелері ресми сайтта Аккредиттеу бөлімінде жарияланады, 2011-2023 жж.

<https://www.enu.kz/kz/page/university/accreditation/accreditation-of-degree-programs> кезеңіндегі барлық БББ сертификаттары ұсынылған.

Университеттің www.enu.kz ресми сайтында «Ғылым» мәзіріндегі жаңалықтар лентасынан басқа, барлық нормативтік құжаттар, жүзеге асырылып жатқан жобалар тізімі, алдағы конкурстар туралы баспасөз хабарламалары, іс-шаралардың пост-релиздері орналастырылған. Сонымен қатар

Facebook әлеуметтік желісінде Ғылым департаментінің парақшасы ғылыми-зерттеу және инновация саласындағы ақпарат алмасу және жаңалықтарды орналастыру үшін жұмыс істейді. Әріптестермен ынтымақтастық және өзара әрекеттесу туралы ақпарат университеттің келесі веб-ресурсында орналастырылған: <https://enu.kz/kz/page/cooperation/academic-mobility>, <https://enu.kz/kz/page/cooperation/mevlana>; <https://enu.kz/kz/page/cooperation/double-degree-education>, <https://enu.kz/kz/page/cooperation/cultural-and-language-centers>, <https://enu.kz/kz/page/cooperation/foreign-students>

Әріптестермен, оның ішінде ғылыми/консалтингтік ұйымдармен, бизнес- серіктестермен, әлеуметтік серіктестермен және білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы ақпаратты орналастыру маңызды фактор болып табылады.

Департамент ғылыми ұйымдармен, мемлекеттік органдармен және бизнес- серіктестермен ғылыми жобаларды гранттық қаржыландыру, жаңа технологиялар, инновациялар және т.б. саласында бірлескен консорциумдар құру бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізеді.

Бұдан әрі тараптар арасындағы кездесулер мен келіссөздердің қорытындылары бойынша меморандумдарға, келісімдерге және ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылады.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ сайты университет туралы ақпаратты Интернет желісінде ресми түрде ұсынуды қамтамасыз етеді. Университеттің ресми сайты - <https://enu.kz/ru>.

"Ғылым" қойындысында ([Ғылым \(enu.kz\)](http://enu.kz)) ғылыми жобалар мен ғылыми іс-шаралар бойынша барлық ақпарат орналастырылған.

Алдағы конкурстар мен гранттық жобалар бойынша ақпарат бөлімде Университет хабарландырулары бөлімінде ([Барлық хабарландырулар \(enu.kz\)](http://enu.kz)) алдын ала жарияланады.

Сараптамалық бөлім

Университет, БББ дайындаушы кафедралар «6B02305 - Қазақ филологиясы», 7M02305 - Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша білім беру бағдарламаларын «Қоғамды ақпараттандыру» стандарты өлшемдерінің (критерий) орындалуы бойынша өзіндік бағалау нәтижелері негізінде талап етілген деңгейде жүзеге асырылған. ББ басшылығы ақпаратты таратудың түрлі тәсілдерін, оның ішінде БАҚ-тарды, ақпараттық және әлеуметтік желілерді кең жұртшылық пен мүдделі тұлғаларды хабардар ету үшін пайдаланылған.

ББ басшылығы оған қызығушылық танытып отырған қоғам мен жекелеген тұлғаларды ақпараттық жүйелер арқылы жан-жақты хабардар ету үшін университеттегі әртүрлі веб-сайттармен қатар Республикалық БАҚ және түрлі электронды сайттардың ақпараттық көздерін де ұтымды қолданады. Осыған орай ББ ерекшелігінен қоғамды хабардар ету мақсатында кафедраның оқытушы профессорлар құрамы мен басшылығы көптеген Республикалық газеттер мен сайттарда мақала жариялап, сұхбаттар берген.

Сондай-ақ Facebook, Twitter, ВКонтакте сияқты әлеуметтік желілерде де ЕҰУ қызметін барынша жан-жақты насихаттауға баса назар аударылған. Оларда ЖОО сайтына қараушыларды ұтымды түрде тартумен қатар жасалған түсініктемелер (комментарий) арқылы аудиторияның сайтқа деген қызығушылығын қадағалауға мүмкіндігі бар.

«Қоғамды ақпараттандыру» стандартының өлшемдерін (критерий) саралай келіп, университет және оның құрылымдарының қызметіне қатысты интернет сайттар өзге де бұқаралық ақпарат құралдарына ұсынылатын ақпарат көздері қоғам үшін ашық деген қорытынды жасауға болады.

«6B02305 Қазақ филологиясы, 7M02305 Қазақ филологиясы» ББ мықты жақтары:

- кафедра сайтында ББ қызметі мен ерекшелігі туралы, соның ішінде колдау жүйесі, оқу нәтижелері мен кәсіби біліктілік беру туралы толық объективті ақпарат орналастырылған;
- кафедра сайтының оқытушы профессорлар құрамы туралы деректер, сонымен қатар оқытушы профессорлардың жекелеген парақшаларында деректердің жақсы берілген;
- оқытушы профессорлар құрамы мен кафедра басшылығының еліміздің ұлттық даму бағдарламасын қолдауы мен жан-жақты түсіндірілген;
- іске асырылатын білім беру бағдарламасының мақсаты, оқытудан күтілетін нәтижелер айқын;
- аккредиттелуші кафедра оқытушы профессорларының отандық бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ЖОО- ны қызметі барысынан қоғамды ақпараттандырудың жоғары деңгейде

берілген;

- сыртқы бағалаудың түрлі рәсімінің қорытындыларына қатысты ақпараттар мен сілтемелер мол берілген.

«6B02305 Қазақ филологиясы, 7M02305 Қазақ филологиясы» БББ бойынша ССК ұсыныстары:

- бұл стандарт бойынша ұсыныстар жоқ

Критерийлер бойынша ССК қорытындысы:

«Қоғамды ақпараттандыру» стандарты бойынша «6B02305 – Қазақ филологиясы», «7M02305 - Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламалары 12 позициясы да қанағаттанарлық.



(VII) ӘРБІР СТАНДАРТ БОЙЫНША КҮШТІ ЖАҚТАРҒА ШОЛУ/ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕ

«6В02305 Қазақ филологиясы, 7М02305 Қазақ филологиясы» БББ күшті жақтары:

"Білім беру бағдарламасын басқару" стандарты:

- БББ басшылығы тәуекелдерді басқару үшін нақты жоспарлар құрып, тәуекелдердің алдын алу үшін жол картасы негізінде жүйелі жұмыс істейді. Оның нәтижесіне білім алушылардың санының өсуі дәлел. Білім алушылардың сауалнамада көрсетуі бойынша осы жол карталарының орны ерекше болған.

- БББ басшылығы білім беру бағдарламасын басқарудың алқалы органдарының құрамына мүдделі тұлғалар (жұмыс берушілер, ПОҚ, білім алушылар) өкілдерін қатыстырады. Жұмыс берушілердің талаптарын қанағаттанаратын, білім алушылардың өз оқыту траекториясын құрастыруға мүмкіндік беретін білім беруді нақты бағдарлайды.

- БББ бойынша сапаны қамтамасыз ету мақсатында білім беру қызметтерінің сапасына, оқу және еңбек жағдайларына мүдделі тараптардың қанағаттану деңгейін анықтау жұмыстары жоғары деңгейде. БББ-ны жетілдіру және дамыту, сондай-ақ оқыту сапасын арттыру үшін жыл сайын білім алушылардың, ПОҚ-тың және қызметкерлердің қанағаттану сауалнамасы жүргізіледі және алынған нәтижелер талданады.

"Ақпаратты басқару және есеп беру" стандарты:

- бұл стандарт бойынша анықталмады

«Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту» стандарты:

- бұл стандарт бойынша анықталмады

«Білім беру бағдарламаларын тұрақты мониторингілеу және мерзімді бағалау» стандарты:

- бұл стандарт бойынша анықталмады

«Білім алушыларға бағдарланған білім беру, оқыту және үлгерімді бағалау» стандарты:

- ББ пәндерін оқыту әдістемесі саласында жеке зерттеулердің болуы маңызды фактор болып табылады. БББ басшылығы ғылыми зерттеулерге белсене қатысады. 2018-2023 жылдары 14 ғылыми гранттық жобалар ұтып алынған, олардың нәтижелері бойынша авторлық құқық туралы куәліктер алынған. Зерттеулер оқу пәндері қарастыратын мәселелер аясында жүргізілген және оқыту әдістемесін жетілдіруге әсері жоғары. Білім беру бағдарламасы аясында ПОҚ-тың өзіндік зерттеулері бар. Мысалы Республикада алғаш рет «Қазақ лигвофольклористикасы» пәні осы аттас жобаның негізінде енгізілген. Оқытушылардың гранттық жобаларының негізінде ББ-ға бірнеше пән енгізілген.

«Білім алушылар» стандарты:

1) Білім алушылар контингентін қалыптастыру саясаты ЖОО-да оқуға неғұрлым дайындалған, білім беру бағдарламасын саналы түрде таңдаған, мемлекеттік тапсырыс (грант) негізінде кешенді тестілеу нәтижелері бойынша қажетті балл санын жинаған және ақылы негізде білім алушылар қабылданған. Контингентті қалыптастыру саясаты «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КЕАҚ-да Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау ережесі» негізінде жүзеге асырылған.

Білім алушылар контингентін қалыптастыру жөніндегі негізгі нормативтік құқықтық актілер университеттің ресми сайтында «Талапкерлерге» бөлімінде орналасқан. Сондай-ақ білім алушылар ЕҰУ білім алушысының анықтамалық-жолдамасында Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ құрылымы мен қызметі туралы ақпараттың толық спектрін алуға мүмкіндігі бар.

Оқуға қабылдау ЖОО талаптарына сәйкес жүргізілген. БББ бойынша талапкерлердің саны жылдан-жылға артып келеді. ЕҰУ түлектерінің магистратура бағдарламасын ЕҰУ-да жалғасты-

руды таңдауы белгілі бір дәрежеде БББ басшылығының түлек дайындаудағы сапасынан хабар береді, кадр дайындау ісінде нәтижелілігін көрсетеді. Бекітілген жоспарға сәйкес қала мектептерінде, облыс орталықтарында кәсіптік үгіт-насихат жұмыстары жүргізілген.

Университетте аймақтық деңгейде жыл сайын қаңтар айында қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша 11-сынып оқушылары арасында олимпиада өткізілген. «Ашық есік күні» күні өткізіліп, Астана қаласының орта мектептерінен 11-сынып оқушылары қатысқан.

2) ЖОО білім алушыларды практика орындарымен қамтамасыз етуі, бітірушілерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесуі, олармен байланысты қолдау рәсімін көрсетуі жоғары дәрежеде.

Практика базаларына барғанда бұған көзіміз жетті. Практика базалары ретінде бірнеше мемлекеттік және меншік негізіндегі бірнеше мекемелермен келісімшарттар жасалған:

- А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
- М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
- Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ғылыми-практикалық орталығы,
- ҚР ҒБЖМ «Тіл саясаты» комитеті,
- «Қазақ газеттері» ЖШС («Егемен Қазақстан» республикалық газеті, «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті» т.б. республикалық газеттері),
- ҚР Жазушылар одағының Астаналық филиалы
- Астана қаласы әкімдігінің «Руханият» орталығы.

3) БББ басшылығы түлектердің жұмысқа орналасуы мен кәсіби қызметіне мониторинг жүргізіп отырады. Университет түлектердің жұмысқа орналасуына да ерекше мән береді. ЕҰУ-да «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдесуді ұйымдастыру рәсімі» бар.

Жоғарыда көрсетілген мекемелердің барлығында «6В02305 – Қазақ филологиясы», «7М02305 – Қазақ филологиясы» БББ түлектері практикадан өткеннен кейін сол мекемелерге ары қарай жұмыс істеуге шақырылған. Қазіргі уақытта сол мекемелерде түлектер қызмет атқаруда.

«Оқытушы-профессорлар құрамы» стандарты:

1) ЖОО ПОҚ сапалық құрамының белгіленген біліктілік талаптарына, ЖОО стратегиясына, БББ мақсаттарына сәйкес. Қазақ тіл білімі және қазақ әдебиеті кафедраларында ғылыми әлеует жоғары: 92-96%. БББ бойынша жұмыс істейтін оқытушылардың орташа жас мөлшері 45-58 жас аралығын қамтиды.

2) ЖОО ПОҚ-ның, оның ішінде жас оқытушылардың мансаптық өсуі мен кәсіби дамуына жан-жақты мүмкіндік береді. Жоғары оқу орынында профессор-оқытушылар құрамының, оның ішінде жас оқытушылардың мансаптық өсуі мен кәсіби дамуына мүмкіндік берілген. Университетте жас оқытушылардың мансаптық өсуіне ерекше мән беріледі. Атап айтсақ, Ардақ Бейсенбай Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің түлегі, қазақ тіл білімі кафедрасында оқытушы, аға оқытушы болып жұмыс істеді. 2013-2014 оқу жылдары «Болашақ» бағдарламасымен Ұлыбританияда Brunel университетінде оқыған. 2016 жылдан 2019 жылға дейін Қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарған. 2019 жылдан бүгінгі күнге дейін Филология факультетінің деканы қызметін атқарады. Ардақ Бейсенбай – университеттегі ең жас декандардың бірі. ПОҚ қабылдау комиссиясы жұмысының нәтижелері бойынша 2019-2020 оқу жылы PhD доктор Жанбота Карипбаев Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институтына ғылыми қызметкер болып қабылданды. Бұл жоғары оқу орнында ПОҚ, оның ішінде жас оқытушылардың мансаптық өсуі мен кәсіби дамуына мүмкіндік беріліп отырғанын көрсетеді.

3) ЖОО БББ талаптарына сәйкес келетін кәсіби құзіреттіліктері бар тиісті салалардың кадрларын оқытуға тартуы тиіс. ПОҚ құрамында «Болашақ» халықаралық бағдарламасының әр жылдардағы түлектері табысты еңбек етеді. Олар - ф.ғ.к., доцент А.Б. Бейсенбай (Ұлыбритания, Лондон, Brunel университеті, 2013-2014), ф.ғ.к., профессор м.а. Г.Ә. Сәрсекке (Ұлыбритания, Лондон, King's College London, 2011-2013).

ПОҚ құрамында алыс шет елдерде кәсіби дамуын арттыру мақсатында Қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, ф.ғ.к. Г.Ә. Сәрсекке АҚШ-тың Мэриленд университетінде қазақ және

ағылшын тілдерінің корпусын жасау ісіне қатысып, Америка ғалымдарымен бірлескен ғылыми-зерттеу жобасында тіл маманы болып 6 ай (21.01.2020-12.08.2020) жұмыс жасап келген.

4) ЖОО қызметтің академиялық ұтқырлықты дамытуға, үздік шетелдік және отандық оқытушыларды шақырады. ЖОО қызметінің басым бағыттары академиялық ұтқырлықты дамытуға бағытталған. БББ іске асыруда кафедралардағы академиялық ұтқырлық аясында сабақ өткізу және бірлескен ғылыми жобаларға тарту мақсатында танымал шетел ғалымдарын шақыру жұмыстар жүйелі түрде атқарылып келеді.

5) ЖОО әрбір оқытушының ЖОО-дағы сапа мәдениеті мен академиялық адалдықты ілгерілетуге тартылған. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің даму стратегиясы бойынша академиялық адалдық ЕҰУ-дің институционалды құндылықтарының бірі болып саналады. Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі академиялық артықшылыққа бағытталған, ол келесі компоненттердің болуымен қамтамасыз етілген: академиялық сапа мен жоғары академиялық беделге ұмтылу; сапаны Ішкі қамтамасыз ету саласында саясаттың болуы; Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ оқытушыларының, қызметкерлерінің Академиялық адалдық саясатына сәйкес академиялық құндылықтарды ұстануы; университеттің ПОҚ және қызметкерлерін мотивациялау және ынталандыру мақсатында КРІ жүйесінің болуы; стейкхолдерлердің білім беру және басқа да көрсетілетін қызметтермен қанағаттануына/қанағаттанбауына әсер ететін негізгі факторларды анықтауға бағытталған кері байланыс тетіктерінің болуы; барлық қызмет түрлерінің сапасын ішкі қамтамасыз етуді және университеттің сапа мәдениетін дамытуды реттейтін тиісті ішкі нормативтік құжаттаманың болуы.

6) ПОҚ-ның аймақ пен елдің экономикасын, білімін, ғылымы мен мәдениетін дамытуға тартылуы маңызды фактор болып табылады. БББ жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін ОПҚ гранттық қаржыландыру (ҚР БҒМ) шеңберінде келесі 14 жобаны жүзеге асырады: ҚР БҒМ тарапынан қаржыландырылатын ғылыми жобалар. Бұл - үлкен көрсеткіш.

ПОҚ-тың облыстың және елдің экономикасын, білімін, ғылымы мен мәдениетін дамытуға қатысуы олардың ғылыми жобаларға (гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, сондай-ақ мемлекеттік тапсырыстар бойынша) қатысуы арқылы және халықаралық деректер қорларында (Scopus, Web of Science және т.б.) индекстелген журналдардағы зерттеу нәтижелерінің жариялануы арқылы, сондай-ақ еңбек нарығы үшін бәсекеге қабілетті ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау арқылы қамтамасыз етіледі.

БББ білім берушілер қаланың, аймақтың дамуына белсенді қатысады: рухани- адамгершілік дамудың, мәдени және білімді ортаны қалыптастырудың түрлі іс-шараларын өткізеді. БББ басшылығы жалпы ЖОО-ның, сондай-ақ әрбір қызметкердің және оқытушының қоғам алдында жеке-жеке әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын мақсатты түрде қолдайды, енгізеді және іске асыруға белсенді қатысады.

«Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйелері» стандарты:

- «6B02305 Қазақ филологиясы, 7M02305 Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша оқыту үдерісін ұйымдастыру үшін қолданылатын ресурстар жеткілікті; ББ бойынша оқу үдерісін жүзеге асыру үшін кітапханаларда оқу-әдістемелік құралдар мен монографиялар және ғылыми әдебиеттердің қоры жеткілікті; бұлардың ішінде ПОҚ-тың өздері құрастырған оқу-әдістемелік құралдары бар.

- ЖОО ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылым мен білімнің интеграциясы, ПОҚ, қызметкерлер мен білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін жариялау үшін толық жағдай жасалған.

«Қоғамды ақпараттандыру» стандарты:

- кафедра сайтында ББ қызметі мен ерекшелігі туралы, соның ішінде қолдау жүйесі, оқу нәтижелері мен кәсіби біліктілік беру туралы толық объективті ақпарат орналастырылған;

- кафедра сайтының оқытушы профессорлар құрамы туралы деректер, сонымен қатар оқытушы профессорлардың жекелеген парақшаларында деректердің жақсы берілген;

- оқытушы профессорлар құрамы мен кафедра басшылығының еліміздің ұлттық даму

бағдарламасын қолдауы мен жан-жақты түсіндірілген;

- іске асырылатын білім беру бағдарламасының мақсаты, оқытудан күтілетін нәтижелер айқын;

- аккредиттелуші кафедра оқытушы-профессорларының отандық бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ЖОО- н-ы қызметі барысынан қоғамды ақпараттандырудың жоғары деңгейде берілген;

- сыртқы бағалаудың түрлі рәсімінің қорытындыларына қатысты ақпараттар мен сілтемелер мол берілген.



(VIII) САПАНЫ ЖАҚСARTY БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАРҒА ШОЛУ

«6B02305 Қазақ филологиясы, 7M02305 Қазақ филологиясы» БББ бойынша ССК ұсыныстары:

«Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты

- бұл стандарт бойынша ұсыныстар жоқ

«Ақпаратты басқару және есеп беру» стандарты

- бұл стандарт бойынша ұсыныстар жоқ

«Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту» стандарты

- бұл стандарт бойынша ұсыныстар жоқ

«Білім беру бағдарламаларын тұрақты мониторингілеу және мерзімді бағалау» стандарты

- бұл стандарт бойынша ұсыныстар жоқ

«Білім алушыларға бағдарланған білім беру, оқыту және үлгерімді бағалау» стандарты

- білім беру бағдарламасының (БББ) басшылығы ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларды қолдау бойынша жұмыстарды жоспарлы жүргізуге дайын болуы тиіс (мерзімі 01.09.2024 ж.).

«Білім алушылар» стандарты

- ББ тиімділігін, маңыздылығы мен мазмұндылығын дәлелдеу үшін түлектер қауымдастығының/бірлестігінің жұмысын жоспарлы түрде жандандыру ұсынылады (мерзімі 01.07.2024 ж.)

«Оқытушы-профессорлар құрамы» стандарты

- бұл стандарт бойынша ұсыныстар жоқ

«Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйелері» стандарты

- БББ басшылығы оқыту үдерісінің мақсаты мен міндеттерін іске асыру үшін қажетті заманауи жабдықтармен жабдықталған аудиториялармен жеткілікті қамтамасыз етуі ұсынылады (мерзімі 01.09.2024).

- Университеттің барлық аумағында Wi-Fi тиімді жұмыс істеуі үшін техникалық мүмкіндіктерді қамтамасыз ету керек (мерзімі 01.09.2024).

«Қоғамды ақпараттандыру» стандарты

- бұл стандарт бойынша ұсыныстар жоқ

АККРЕДИТТЕУ КЕҢЕСІНЕ ҰСЫНЫС

«Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КЕАҚ «6В02305 – Қазақ филологиясы», «7М02305 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламаларының Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу стандарттарының талаптарына сәйкестігін бағалау бойынша сыртқы сараптама комиссиясы аталған БББ 7 жылға аккредиттеуді ұсынады.

(сыртқы сараптама комиссиясы мүшелерінің дауыс беру нәтижелері: қолдап – 13, қарсы – 0).



**Қосымша 1. "Сыртқы сараптама комиссиясының қорытынды" бағалау кестесі (6В02305
Қазақ филологиясы, 7М02305 Қазақ филологиясы)**

p/c	p/c	Бағалау критерийлері	Білім беру ұйымының ұстанымы			
			Күшті	Қанағаттанарлық	Жақсартуды талап	Қанағаттанарлық -сыз
СТАНДАРТ 1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН БАСҚАРУ						
1	1.	ЖОО әртүрлі стейхолдерлерді кеңінен тарта отырып, сыртқы және ішкі факторларды талдау негізінде БББ-ны дамытудың мақсаттары мен стратегиясын әзірлеуді көрсетуі тиіс		+		
2	2.	Сапаны қамтамасыз ету саясаты зерттеу, оқыту және оқу арасындағы байланысты көрсетуі керек		+		
3	3.	ЖОО сапаны қамтамасыз ету мәдениетінің дамуын көрсетуі тиіс		+		
4	4.	Сапаны қамтамасыз ету міндеттемелері мердігерлер мен серіктестер орындайтын (аутсорсингке), кез-келген қызметке, оның ішінде бірлескен / қос дипломдық білім беруді және академиялық ұтқырлықты іске асыру кезінде қатысты болуы тиіс		+		
5	5.	БББ қолданылуын ЖОО шынайы позициялануын және оның қызметінің мемлекеттің, қоғамның, жұмыс берушілердің, білім алушылардың және басқа да мүдделі адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталғанын талдаудың нәтижесінде БББ басшылығы БББ дамыту жоспарын әзірлеудің ашықтығын қамтамасыз етеді		+		
6	6.	БББ басшылығы БББ дамыту жоспарын қалыптастыру және үнемі қайта қарау және оны іске асыруды мониторингілеу, оқыту мақсаттарына қол жеткізуді бағалау, білім алушылардың, жұмыс берушілердің және қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес келу, БББ ұдайы жақсартуға бағытталған шешімдер қабылдау тетіктерінің жұмыс істейтінін көрсетеді		+		
7	7.	БББ басшылығы БББ-ны дамыту жоспарын қалыптастыруға мүдделі адамдардың топтарын, оның ішінде жұмыс берушілердің, білім алушыларды және ПОҚ-ты тартуы тиіс		+		
8	8.	БББ басшылығы БББ-ның даму жоспарының жекелігін және бірегейлігін, оның ұлттық даму басымдықтарымен және білім беру ұйымын дамыту стратегиясымен келісетінін көрсетуі тиіс		+		
9	9.	ЖОО БББ-ның шеңберінде бизнес-процестерге жауаптыларды айқын белгілеуді персоналдың лауазымдық міндеттерін бөлуді, алқалы органдар функцияларының аражігін ажыратуды көрсетуі тиіс		+		
10	10.	БББ басшылығы БББ-ны әзірлеуге және басқаруға қатысатын барлық тұлғалардың қызметін үйлестіруді және оның үздіксіз іске асырылуын қамтамасыз етеді, сонымен қатар осы процеске барлық мүдделі тұлғаларды тартады		+		
11	11.	БББ басшылығы басқару жүйесінің ашықтығын, оны жобалауды, басқаруды және мониторингті, тиісті шешімдер қабылдауды қамтитын сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс		+		
12	12.	БББ басшылығы тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыруы тиіс		+		
13	13.	БББ басшылығы білім беру бағдарламасын басқарудың алқалы органдарының құрамына мүдделі тұлғалар (жұмыс берушілер, ПОҚ, білім алушылар) өкілдерінің қатысуын, сондай-ақ білім беру бағдарламасын басқару мәселелері бойынша шешімдер қабылдау кезінде олардың репрезентативтілігін қамтамасыз етуі тиіс		+		

14	14.	ЖОО БББ-ның шеңберінде инновацияларды басқаруды, оның ішінде инновациялық ұсыныстарды талдау мен енгізуді көрсетуі тиіс		+		
15	15.	БББ басшылығы білім алушылар, ПОҚ, ата-аналар және басқа да мүдделі адамдар үшін өзінің ашықтығы және қолжетімділігін көрсетуі тиіс		+		
16	16.	БББ басшылығы білім беру менеджменті бағдарламалары бойынша оқытудан өтуі тиіс		+		
17	17.	БББ басшылығы сапаны сыртқы қамтамасыз етудің соңғы рәсімі уақытынан бастап қол жеткізілген прогресті келесі рәсімге дайындық кезінде назарға алуға ұмтылуы тиіс		+		
Стандарт бойынша барлығы			2	15	-	-
СТАНДАРТ 2. АҚПАРАТТЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК						
18	1.	ЖОО қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және бағдарламалық құралдар негізінде ақпаратты жинау, талдау және басқару жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс		+		
19	2.	БББ басшылығы сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін жақсарту үшін өңделген, барабар ақпаратты жүйелі түрде пайдалануды көрсетеді		+		
20	3.	БББ басшылығы БББ шеңберіндегі барлық құрылымдық бөлімшелер және кафедралардың қызметін көрсететін, олардың нәтижелілігін бағалауды қамтитын есептілік жүйесінің болуын көрсетеді		+		
21	4.	ЖОО БББ басқаруды, алқалы органдармен құрылымдық бөлімшелердің, жоғары басшылықтың қызметін бағалаудың кезеңділігін, нысандары мен әдістерін айқындауы тиіс		+		
22	5.	ЖОО ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету, оның ішінде ақпаратты талдаудың және деректерді ұсынудың дұрыстығы мен уақтылығына жауапты тұлғаларды айқындау тетігін көрсетуге тиіс		+		
23	6.	ЖОО ақпаратты жинау және талдау, сондай-ақ олардың негізінде шешімдер қабылдау процестеріне білім алушыларды, қызметкерлерді және ПОҚ-ты тартуды көрсетеді		+		
24	7.	БББ басшылығы білім алушылармен, қызметкерлермен және басқа да мүдделі тұлғалармен коммуникация, оның ішінде жанжалдарды шешу тетіктерінің бар екенін көрсетуге тиіс		+		
25	8.	ЖОО БББ шеңберінде ПОҚ, персонал және білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесін өлшеуді қамтамасыз етуі және анықталған кемшіліктерді жою дәлелдерін көрсетуі тиіс		+		
26	9.	ЖОО қызметінің нәтижелілігі мен тиімділігін, оның ішінде БББ шеңберінде бағалауы тиіс		+		
		БББ шеңберінде жиналатын және талданатын ақпарат мыналарды ескеруі тиіс:		+		
27	10.	тиімділіктің негізгі көрсеткіштері		+		
28	11.	нысандар мен түрлер бөлінісінде білім алушылар контингентінің серпіні		+		
29	12.	студенттердің үлгерім деңгейі, жетістіктері және оқудан шығару		+		
30	13.	білім алушылардың БББ іске асыруына және ЖОО-да оқыту сапасына қанағаттануы		+		
31	14.	білім алушылар үшін білім беру ресурстары мен қолдау жүйелерінің қолжетімділігі		+		
32	15.	түлектердің жұмысқа орналасуы және мансаптық өсуі		+		
33	16.	Білім алушылар, қызметкерлер мен ПОҚ дербес деректерді өңдеуге өзінің келісімін құжатпен растауы тиіс		+		
34	17.	БББ басшылығы ғылымның тиісті салаларында барлық қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуге жәрдемдесуі тиіс		+		
Стандарт бойынша барлығы			-	17	-	-
СТАНДАРТ 3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ						
35	1.	ЖОО БББ әзірлеудің құжатталған рәсімінің болуын және оның институционалдық деңгейде бекітілуін көрсетуге тиіс		+		

36	2.	ЖОО әзірленген БББ-ның белгіленген мақсаттарға және жоспарланған оқу нәтижелеріне сәйкестігін көрсетуге тиіс		+		
37	3.	БББ басшылығы пәндер мен кәсіби практикалардың оқыту нәтижелерін қалыптастыруға әсерін анықтауы тиіс		+		
38	4.	ЖОО оқыту нәтижелері мен жеке қасиеттерін қамтитын БББ түлегі моделінің бар екенін көрсете алады		+		
39	5.	БББ аяқталғаннан кейін берілетін біліктілік нақты анықталуы, түсіндірілуі және ҰБЖ, QF-EHEA белгілі бір деңгейіне сәйкес келуі тиіс		+		
40	6.	БББ басшылығы Кредиттерді аудару мен жинақтаудың еуропалық жүйесіне (ECTS) негізделген бағдарламаның модульдік құрылымын көрсетуі, БББ-ның, оның модульдерінің (мазмұны мен құрылымы бойынша) жоспарланған оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағдарлана отырып, қойылған мақсаттарға сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс		+		
41	7.	БББ басшылығы оқу пәндері мазмұны мен оқыту нәтижелерінің бір-біріне және оқыту деңгейіне (бакалавриат, магистратура, докторантура) сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс		+		
42	8.	БББ басшылығы БББ сыртқы сараптамаларын жүргізуді көрсетуге тиіс		+		
43	9.	БББ басшылығы білім алушылардың, ПОҚ және басқа да стейкхолдерлердің білім беру бағдарламасын әзірлеуге, сапасын қамтамасыз етуге қатысуының дәлелдерін ұсынуы тиіс		+		
44	10.	БББ басшылығы БББ-ның білім беру нарығындағы (өңірлік / ұлттық / халықаралық) орнын, оның бірегейлігін көрсетуге тиіс		+		
45	11.	Білім алушыларды кәсіби сертификаттауға дайындау мүмкіндігі маңызды фактор болып табылады		+		
46	12.	Шетелдік жоғары оқу орындарымен қос дипломды БББ және/немесе бірлескен БББ болуы маңызды фактор болып табылады		+		
Стандарт бойынша барлығы				-	12	-
СТАНДАРТ 4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ТҰРАҚТЫ МОНИТОРИНГТЕУ ЖӘНЕ МЕРЗІМДІ БАҒАЛАУ						
47	1.	ЖОО еңбек нарығындағы өзгерістерді, жұмыс берушілердің талаптарын және қоғамның әлеуметтік сұранысын ескере отырып, БББ мазмұны мен құрылымын қайта қарауды қамтамасыз етуге тиіс		+		
48	2.	ЖОО БББ мақсатына қол жеткізу үшін БББ мониторингін жүргізудің және мерзімді бағалаудың құжатталған рәсімінің болуын көрсетуі тиіс. Осы рәсімдердің нәтижелері БББ-ны үнемі жетілдіруге бағытталған		+		
		БББ мониторингі және мерзімді бағалау қарастыруы тиіс:		+		
49	3.	нақты пән бойынша ғылым мен технологияның соңғы жетістіктері контекстіндегі бағдарламалардың мазмұны		+		
50	4.	қоғам мен кәсіби орта қажеттіліктерінің өзгеру бағыттары		+		
51	5.	білім алушылардың жүктемесі, үлгерімі және оқуды бітіруі		+		
52	6.	білім алушыларды бағалау рәсімдерінің тиімділігі		+		
53	7.	білім алушылардың қажеттіліктері мен қанағаттану дәрежесі		+		
54	8.	Қолдау қызметтерінің білім беру ортасы мен қызметінің БББ мақсаттарына сәйкестігі		+		
55	9.	Барлық мүдделі тұлғалар БББ қатысты кез келген жоспарланған немесе қабылданған іс-әрекеттер туралы хабардар болуы тиіс. БББ-ға енгізілген барлық өзгерістер жариялануы тиіс		+		
56	10.	Қолдау қызметтері білім алушылардың әртүрлі топтарының қажеттіліктерін және оларды оқытуды ұйымдастырумен, оқытумен, бағалаумен, жалпы БББ игерумен қанағаттану дәрежесін анықтауы тиіс		+		
Стандарт бойынша барлығы				-	10	-
СТАНДАРТ 5. СТУДЕНТКЕ БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ, ОҚЫТУ ЖӘНЕ ҮЛГЕРІМДІ БАҒАЛАУ						
57	1.	БББ басшылығы білім алушылардың әртүрлі топтарына және олардың қажеттіліктеріне құрмет пен назар аударуды, оларға икемді оқу траекторияларын беруді қамтамасыз етуі тиіс		+		

58	2.	БББ басшылығы дайындау бағыты саласындағы әлемдік ғылым мен практиканың қазіргі заманғы жетістіктері негізінде оқытуды, БББ мақсаттарына, оның ішінде құзыреттерге, талап етілетін деңгейде ғылыми жұмысты орындау дағдыларына қол жеткізуді қамтамасыз ететін оқытудың әртүрлі қазіргі заманғы әдістемелерін пайдалануды мен оқыту нәтижелерін бағалауды қамтамасыз етуі тиіс		+		
59	3.	БББ басшылығы БББ бойынша білім алушылардың оқу жүктемесін теория мен практика арасында бөлу, әрбір түлектің БББ мазмұны мен мақсаттарының жетістіктерін игеруін қамтамасыз ету тетіктерін айқындауы тиіс		+		
60	4.	БББ пәндерін оқыту әдістемесі саласында жеке зерттеулердің болуы маңызды фактор болып табылады		+		
61	5.	ЖОО оқыту нәтижелерін бағалау рәсімдерінің БББ-ның жоспарланған нәтижелері мен мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс		+		
62	6.	ЖОО БББ оқыту нәтижелерін бағалау тетігінің дәйектілігін, ашықтығын және объективтілігін қамтамасыз етуі тиіс. Оқу нәтижелерін бағалау критерийлері мен әдістері алдын-ала жариялануы керек		+		
63	7.	Бағалаушы тұлғалар оқыту нәтижелерін бағалаудың заманауи әдістерін меңгеруі және осы салада біліктілігін үнемі арттырып отыруы тиіс		+		
64	8.	БББ басшылығы оқытудың әртүрлі әдістемелерін пайдалану және оқыту нәтижелерін бағалау бойынша кері байланыс жүйесінің болуын көрсетуі тиіс		+		
65	9.	БББ басшылығы бір мезгілде оқытушы тарапынан басшылық пен көмек көрсету кезінде білім алушылардың дербестігін қолдауды көрсетуі тиіс		+		
66	10.	БББ басшылығы білім алушылардың шағымдарына ден қою рәсімінің болуын көрсетуі тиіс		+		
		Стандарт бойынша барлығы	1	9	-	-
		СТАНДАРТ 6. БІЛІМ АЛУШЫЛАР				
67	1.	ЖОО білім алушылар контингентін қалыптастыру саясатын көрсетуі және оның рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз етуі тиіс. Білім алушылардың өмірлік циклін регламенттейтін рәсімдер (оқуға түсуден бастап аяқтағанға дейін) айқындалуға, бекітілуге, жариялануға тиіс		+		
68	2.	БББ басшылығы жаңа түскен және шетелдік білім алушылар үшін арнайы бейімдеу және қолдау бағдарламаларын жүргізуді қарастыруы тиіс		+		
69	3.	ЖОО өзінің іс-әрекеттерінің тану туралы Лиссабон конвенциясына сәйкестігін, оның ішінде білім алушылардың академиялық ұтқырлығы нәтижелерін, сондай-ақ қосымша, формальды және бейресми оқыту нәтижелерін тану тетігінің болуын және қолданылуын көрсетуі тиіс		+		
70	4.	ЖОО білім алушылардың сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығы үшін мүмкіндікті қамтамасыз етуі, сондай-ақ оларға оқу үшін сыртқы гранттар алуға жәрдемдесуі тиіс		+		
71	5.	ЖОО білім алушыларды негізгі бағдарламадан тыс (оқудан тыс қызмет) өздігінен білім алуға және дамытуға белсенді ынталандыруы тиіс		+		
72	6.	Дарынды білім алушыларды қолдау тетігінің болуы маңызды фактор болып табылады		+		
73	7.	ЖОО біліктілікті салыстырмалы тануды қамтамасыз ету мақсатында басқа білім беру ұйымдарымен және Equis / NARIC "Академиялық тану және ұтқырлық жөніндегі ұлттық ақпараттық орталықтардың еуропалық желісінің / Ұлттық академиялық ақпараттық тану орталықтарының" ұлттық орталықтарымен ынтымақтастықты көрсетуі тиіс		+		
74	8.	ЖОО білім алушыларды практика орындарымен қамтамасыз етуі, бітірушілерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу, олармен байланысты қолдау рәсімін көрсетуі тиіс		+		
75	9.	ЖОО бітірушілерге алған біліктілігін растайтын құжаттарды, соның ішінде қол жеткізген оқу нәтижелерін беру рәсімін көрсетуі тиіс		+		

76	10.	БББ басшылығы бағдарлама түлектерінің еңбек нарығында сұранысқа ие дағдыларға ие екендігін және бұл дағдылар еңбек нарығында шынымен де сұранысқа ие екендігін көрсетуі тиіс	+			
77	11.	БББ басшылығы түлектердің жұмысқа орналасуы мен кәсіби қызметіне мониторинг жүргізу тетігінің бар екендігін көрсетуі тиіс	+			
78	12.	Жұмыс істеп тұрған түлектер қауымдастығының / бірлестігінің болуы маңызды фактор болып табылады	+			
		Стандарт бойынша барлығы	3	9	-	-
		СТАНДАРТ 7. ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫ ҚҰРАМЫ				
79	1.	ЖОО-ның жалдауды (оның ішінде шақырылған ПОК), бүкіл штаттың кәсіби құзыреттілігін қамтамасыз ететін персоналдың кәсіби өсуі мен дамуын қамтитын БББ бөлісінде объективті және ашық кадр саясаты болуы тиіс	+			
80	2.	ЖОО ПОҚ сапалық құрамының белгіленген біліктілік талаптарына, ЖОО стратегиясына, БББ мақсаттарына сәйкестігін көрсетуі тиіс	+			
81	3.	БББ басшылығы студентке бағдарланған білім беру мен оқытуға көшуге байланысты оқытушы рөлінің өзгергенін көрсетуі тиіс	+			
82	4.	ЖОО ПОҚ-ның, оның ішінде жас оқытушылардың мансаптық өсуі мен кәсіби дамуына мүмкіндік беруі тиіс	+			
83	5.	ЖОО БББ талаптарына сәйкес келетін кәсіби құзыреттіліктері бар тиісті салалардың кадрларын оқытуға тартуы тиіс	+			
84	6.	ЖОО ПОҚ-ның кәсіби және жеке дамуын ынталандыру тетігінің бар екендігін көрсетуі тиіс	+			
85	7.	ЖОО білім беру үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық құралдарды (мысалы, on-line оқыту, e-портфолио, MOOCs және т.б.) ПОҚ-ның кеңінен қолданылуын көрсетуі тиіс	+			
86	8.	ЖОО қызметтің академиялық ұтқырлықты дамытуға, үздік шетелдік және отандық оқытушыларды тартуға бағыттылығын көрсетуі тиіс	+			
87	9.	ЖОО әрбір оқытушының ЖОО-дағы сапа мәдениеті мен академиялық адалдықты ілгерілетуге тартылғандығын көрсетуі, ПОҚ-ның, оның ішінде шақырылғандардың БББ мақсаттарына қол жеткізудегі үлесін анықтауы тиіс.	+			
88	10.	ПОҚ-ның аймақ пен елдің экономикасын, білімін, ғылымы мен мәдениетін дамытуға тартылуы маңызды фактор болып табылады	+			
		Стандарт бойынша барлығы	6	4	-	-
		СТАНДАРТ 8. БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ СТУДЕНТТЕРДІ ҚОЛДАУ ЖҮЙЕСІ				
89	1.	ЖОО білім беру ресурстарының, оның ішінде материалдық-техникалық және инфрақұрылымның білім беру бағдарламасының мақсаттарына сәйкестігіне кепілдік беруге тиіс	+			
89	2.	БББ басшылығы қазіргі заманғы жабдықтармен жарақтандырылған және БББ мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін аудиториялардың, зертханалардың және басқа да объектілердің болуын көрсетуге тиіс	+			
		ЖОО ақпараттық ресурстардың ЖОО-ның және іске асырылатын БББ қажеттіліктеріне, оның ішінде мынадай бағыттар бойынша сәйкестігін көрсетуі тиіс:	+			
90	3.	білім беру бағдарламаларына сәйкес білім алушылар мен ПОҚ-ты технологиялық қолдау (мысалы, онлайн оқыту, модельдеу, деректер базасы, деректерді талдау бағдарламалары)	+			
91	4.	кітапхана ресурстары, оның ішінде жалпы білім беретін, базалық және бейіндік пәндер бойынша қағаз және электрондық тасығыштардағы оқу, әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қоры, мерзімді басылымдар, ғылыми деректер базасына қол жеткізу	+			
92	5.	ҒЗЖ нәтижелерін, бітіру жұмыстарын, диссертацияларды плагиатқа Сараптау	+			
93	6.	білім беру интернет-ресурстарына қол жетімділік		+		
94	7.	Өз аумағында WI-FI жұмыс істеуі		+		

95	8.	ЖОО ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылым мен білімнің интеграциясы, ПОҚ, қызметкерлер мен білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін жариялау үшін жағдай жасайтынын көрсетуі тиіс		+		
96	9.	ЖОО білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін пайдаланылатын оқу жабдығы мен бағдарламалық құралдардың тиісті оқу бағдарламаларында қолданылатындарға ұқсас болуына ұмтылуы тиіс	+			
97	10.	БББ басшылығы ақпараттандыру мен кеңес беруді қоса алғанда, білім алушылардың әртүрлі топтарын қолдау рәсімдерінің болуын көрсетуі тиіс		+		
98	11.	БББ басшылығы білім алушының жеке білім беру траекториясы бойынша алға жылжуы үшін жағдайлардың болуын көрсетуі тиіс		+		
99	12.	ЖОО білім алушылардың әртүрлі топтарының (ересектер, жұмыс істейтін, шетелдік білім алушылар, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі білім алушылар) қажеттіліктерін ескеруі тиіс		+		
100	13.	ЖОО инфрақұрылымның қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс		+		
Стандарт бойынша барлығы			2	11	-	-
СТАНДАРТ 9. ҚОҒАМДЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ						
101	1.	ЖОО жариялайтын ақпарат дәл, объективті, өзекті болуы және білім беру бағдарламасы шеңберінде ЖОО қызметінің барлық бағыттарын көрсетуі тиіс		+		
102	2.	Жұртшылықты ақпараттандыру елдің ұлттық даму бағдарламалары мен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін қолдауды және түсіндіруді көздеуі тиіс		+		
